Лицензия алу үшін ең алдымен лицензияна алушы тиісті нысанда өтініш білдіруі қажет. Қазіргі қолданыстағы заңнамаға сәйкес өтініш беру түрі екі нысанда жүзеге асыруға болады. Өтінішті аталған мемлекеттік органға бір терезе қағидасына сәйкес өзі апарып беру арқылы болса екіншісі электронды үкімет бағдарламасы аясында өтініштің электронды нұсқасын жіберуге мүмкіндігі заңмен бекітілген. Егер өтініш тиісінше толтырылмаса немесе өтініштің толық емес нұсқасын тараптарға толтырып келуге екі күн ішіне рұқсат береді. Егер аталған мерзім өтіп кетсе онда уәкілетті орган өтінішті қараудан бас тартуына негіз болып табылады. Егер өтініш тиісінше рәсімделген болса онда қабылдануға жатады. Осы өтініш тексеруді қамтамасыз ету үшін, одан әрі қарау үшін құжаттардың толықтығын тексеріп алуға міндетті болып табылады. Өтініштіке қажетті құжаттар тіркелген соң құжатты қабылдаған рәсімдеуші орган екі жұмыс күн ішінде өтініш берушінің алдағы қызмет әрекетті жүзеге асыру орны бойынша тиісті мемлекеттік органдарға сауалнама жібереді. Осы мемлекеттік орган рұқсат беру органдарының сауалы негізінде он жұмыс күні ішінде қойылған талаптарға сәйкес келе мең жоқпа сол туралы жауапты лицензия беретін орнаға жібереді. Бұл айтылған мерзімдер бірінші санаттағы қызметтер үшін бқның ішінде білім беру саласы толық кіреді.

Ал екінші санаттағы қызметтерді лицензиялау үшін заңнамада өзге мерзімдер белгіленуі мүмкін. Егер осы мемлекеттік орган заңда белгіленген мерзім ішінде қандайда бір жауаптар келмейтін болса онда рұқсат беру осы мемлекеттік органмен келісілді деп есептелінеді. Алайда бұл норма білім беру саласын лицензиялауға қолданылмайды. Рұқсат беру туралы заңның

26 бабына сәйкес: «өтініш электронды нұсқада берілуі мүмкін екендігі қарастырылған» [9]. Бұл жерде ерекшелігі тек мерзімдерінде ғана, мәселен өтінішті беру ондағы кемшіліктерді түзетуге екі күн берген болса ал электронды түрде тапсырған азаматтарға бес күн деріліп отыр. Электронды нұсқада бес күннен кейін жауап берілмесе онда қосымша рұқсат алынды деп есептелінеді. Қосымша рұқсат алу рұқсат алғанға дейін осы рұқсатты беруші органның құжаттарды қабылдап алған кездегі құжат өтініштің қабылданғандығын растайтын құжат болып табылады. Осы құжат заңмен бекітіліп беруі тиіс рұқсат беру қарастырылған қызметке әрекет жүзеге асырудың заңдылығын растаушы бола алады. Цифрлы қолтаңба берілсе онда, ол осы құжаттың мемлекеттік органға өтініш қабылданғандығын білдіреді.

Лицензиярдың орналасқан жері бойынша беріледі. Білім беру саласындағы лицензияны және оның қосымшаларын немесе бас тарту туралы уәждерді он бес жұмыс күннен кешіктірмей тараптарға беріледі. Қосымша немесе оны беруден бастарту туралы құжаттарды 30 күннің ішінде беруге міндетті болып табылады [9].

Бірнеше заңды тұлға бірігін немес бірнеше білім беру ұйымдары бірігіп бір лицензия алуға өтініш білдірген болса онда барлық заңды тұлғалардың лицензиялары қайта рәсімделуге жатады. Егер бір лицензиясы бар қызметтің түріне басқа заңды тұлғалар қосылатын болса, онда олардың бәріне ортақ бір лицензия беріледі ал осы жаңа ұйым өзінің жаңа лицензиясын алған кезде қайтадан тіркелуге жатады. Жаңа лицензия алған уақыттан бастап заңды тұлғалардың бұрынғы лицензиялары өз күшін тоқтатады. Егер лицензиялау қызмет көрсетудің бір кіші түріне ғана жүрсе басқа негізгі қызметі бойынша лицензиялау қажет толмаған жағдайда осы ұйымның қайта рәсімдеу жүргізілмейді [9].

Біздің ойымызша, аталған заң бойынша лицензия беруші орган немесе оның лауазымды тұлғасының жауаптылығы нақты айқындалмаған. Осы заңның ережелерін бұзған жағдайда біздіңше әкімшілік, еңбек, қылмыстық, сыбайлас жемқорлық т.б. туралы заңдар бойынша нақты бап бойынша ретелуге сілтеме жасайтын норманы енгізу қажет. Мысалы, лауазымды тұлға өзінің қызметіне салғырттығынан заңда белгілерген мерзімді өткізіп алуына орай бір күн өтіп кетсе ҚР әкімшілік құқық бұзушылық туралы конскісінің тиісінше бабына сәйкес жауаптылықта болуы» – деген мәтінде болуды ұсынамыз. Жауапкершілікті нақты болуы осы органның қызметкерлерінің өз міндетін тиісінше және заңда белгіленген мерзімде орындалуына кепіл болады. Сонымен қатар заңның дұрыс және дәл орындалуын қамтамасыз етуші шешуші фактор болып табылады. Ал дәл кәзіргі мәтіндегі жалпы жауаптылық біздің ойымызша атлған салада қызмет көрсету барысының сыбайластық сөзбайластық пен сөзыңқы болуына кедергі болар еді.

Жоғары оқу орындарын құқықтық реттеуді жаңа заман талабына сай сұранысқа жауап бере алатындай даму жолын таңдауды дұрыс бағытта әлеуметтік ортаның қажеттілігін ескере отырып жүргізу.

Қазақстан Республикасының Білім беру жүйесі шеңберінде білім беру қызметінің сапасын бағалаудың негізгі бақылау тетіктері рұқсат алу, аттестаттау, аккредиттеу, жоғары оқу орындарының рейтингі, ұлттық бірыңғай тестілеу, білімді аралық мемлекеттік бақылау болып табылады [11].

Лицензиялау – ол білім беру бағдарламалары бойынша қызметті іске асыруға құқық алу үшін ЖОО-да қажетті ең төменгі жағдайлардың болуын көздейтін мемлекеттік бағалау рәсімі [11]. Білім беру қызметін лицензиялау ережесіне сәйкес лицензиялау талаптардың 15 тармағын қамтиды, оларды сақтаған жағдайда жоғары оқу орны өзінің білім беру қызметіне лицензия алу құқығын алады [11].

Оқу орнын мемлекеттік аттестаттау лицензиялау процедурасынан кейін жүргізіледі және білім беру бағдарламалары мазмұнының, білім беру қызметі мен студенттердің білімдерінің мемлекеттік стандарттарға сәйкестігін тексеруді және бағалауды қоса алғанда, 5 жыл мерзімділікпен жүргізіледі. Аттестаттау көрсеткіштері жоғары оқу орнының сапа жүйесінің нәтижелілігі мен тиімділігін бағалауға арналған [11].

Көріп отырғанымыздай, инспекция түріндегі мемлекеттік бақылау Қазақстанда да тарихи қалыптасқан. Қалыптасқан тәжірибе, мемлекеттік бақылау негізінде мемлекеттік бақылау моделін кірістер көрсеткіштерін бағалау рәсімі ретінде сипаттауға болады [12].

Кіріс көрсеткіштерін нормативтік талаптарға, бірінші кезекте лицензиялық талаптарға сәйкестігін бағалау ретінде бағалау:

- ♦ білім беру мазмұнының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкестігі (білім беру бағдарламаларын меңгеру мерзімі, оқу түрлері, оқу жүктемесі, оқу жоспарлары мен бағдарламалары, жұмыс оқу жоспарлары мен жұмыс бағдарламалары);

- ♦ оқытушылар құрамының жинақталуы, біліктілік деңгейі және оны жоғарылату мерзімділігі, енбекақы төлеу (олардың жалпы санынан штаттағы оқытушылардың үлесі, оның ішінде мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының базалық және бейінді пәндер циклі бойынша; бір оқытушыға студенттер контингентінің жоғары оқу орындарының оқу-материалдық активтеріне қойылатын жалпы талаптарды белгілейтін мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкестігі және т. б.);

- ♦ білім алушылардың контингентін қалыптастыру (пәндер тізімі және түсу емтихандарына қойылатын талаптар (ҰБТ және КТ), өту балдары және т. б.);

- ♦ оқу ресурстары (оқу және қызметтік үй-жайлар, Оқу жабдықтары, кітапханалық қызмет көрсету, тиісті кәсіп немесе мамандық бойынша Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптарын орындау үшін қажетті компьютерлік сыныптармен, оқу-зертханалық жабдықтармен, арнайы оқу жабдықтарымен және техникалық оқыту құралдарымен жарақтандырылуы; толық оқу циклына студенттер контингентіне жататын кемінде 140 басылымнан тұратын оқу және ғылыми әдебиет қорының болуы) [12].

Білім беру бағдарламасы мен мекеменің оң бағалауының шарты мемлекеттік талаптарды нақты сақтау болып табылады.

Бұл модельдің артықшылығы білім беру процесінің нәтижелілігіне назар аудару болып табылады, ал кемшілігі – көрсеткіштер бағалау нәтижелерін жүйелеусіз, талдаусыз және пайдаланусыз ақпараттық сипатқа ие.

Қазіргі уақытта кейбір ЖОО-лар болашаққа үмітпен бюрократиялық проблемаларды ғана емес, сонымен қатар аттестациялаудағы жаңа мүмкіндіктерді де көруге дайын [12].

Жалпы, білім беру сапасын бақылау мен қадағалауды оңтайландыру әкімшілік реформаны одан әрі іске асыруға және қазақстандық білім беру жүйесін жаңғыртуға қадам болып табылады.

Қазіргі уақытта білім беру салсын қадағалау мен бақылау қызметін жүзеге асыру жоғарыда көрсетілгендей, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің қарауына жатқызылған. Болон процесінің талаптарына сәйкес мемлекеттік басқару және білім беру сапасын бақылау органдарынан тәуелсіз аттестаттау орталықтарын құру және еуропалық елдермен білім беру сапасын бақылауға жалпы тәсілдерді әзірлеу қажет. Сонда ғана халықаралық стандарттарға тәуелділік жойылып, жаппай шетелдік білім берудің белгісіз бағытын ұстау жойылады. Оның орнына ұлттық аккретациялау жүргізеті екі орталықты ашып оның қызметін барынша қолдап отыру арқылы халықаралық білім беру сапасын бағалайтын ұйымдардың дәрежесіне жеткізуді мақсат етуіміз қажет. Өзіміздің ұлттық халықаралық аттестаттау мен аккретациялау орталықтарымыздың болуы отандық білім беру саласының дамуына өз септігін тигізеді. Отандық білім беру ұйымдарының халықаралық мәртебесі мен халықаралық білім беру үрдісіндегі озық технологиялардан қалып қоймауға септігін тигізетін болады деп күтілуде. Сонымен қатар, әлемдік жаһандану салдарының өзінің білім беру саясаты мен бағытынан айырылып қалған қаншама дамушы елдердің білім беру жүйесі секілді оның ішінде біздің елде кіреді жұтылып кетпей ұлттық ерекшеліктерімізді сақтай отырып халықаралық білім беру қауымдастығына енуге құқықтық мүмкіндігіміз болар еді. Алайда бұл тек біздің тарапымыздан ұсынылып отырған пікір болғандықтан осы саланы зерттеп жүрген отандық ғалымдардың зерттеулеріне жариялымдарына көз жүгірткен болатынбыз.

Нәтижелер мен талқылау

1 Тәжірибеде заңдарды қолдану барысында нормативтік құқықтық актінің иерархиясы жоғарыдан төмен қарай қолдану тәртібімен жүзеге асыратындығын естен шығармаған абзал. Осы тұрғыдан алғанда білім саласын реттеу барысында конституциялық норманың болуы аталған сала реттеу барысында оның мәні мен маңыздылығын айқындайтын фактор болып

табылады. Сондықтан қолданыстағы конституциямызды зерделеу барысында білім саласына қатыс 30-шы бап ата заң нормасын бес рет өзгертулер мен толықтыруларға ұшырағанына қарамастан өзгертілмеуі әлі де болса бұл саланы зерттеуді қажет етеді деген тұжырым жасауға негіздеп отыр.

Білім алу құқығы табиғи құқық және ол абсолюті деп тану үшін біздің ойымызша, ҚР Конституциясына тиісінше норма енгізді қажет етеді. ҚР Конституциясының 30-баптың бірінші тармақшасына: «білім алу құқығы адамның табиғи абсолютты құқығы болып танылады және білім беру құқығы конституциямен қорғалады және міндеттер жүктейді» – деген мәтінде толықтыру енгізуді ұсынамыз. Сонымен қатар, білім беру ұйымдарының маңызды әлеуметтік экономикалық категория ретінде басқару құрылым болғандықтан білім беру салсын лицензиялау рұқсат беруге негіз боларлық норманы конституцияда нақтыланбаған. Сондықтан ата заңға білім беру саласын лицензиялау туралы арнайы бап енгізу арқылы реттеу тиімді болар еді.

2 Білім беру саласын лицензиялауды арнайы заң аясында мемлекеттік реттеу жеткілікті. Рұқсаттар мен хабарламалар туралы заңына сәйкес мемлекеттік органдардың құзіреті белгіленген. Біздің ойымызша барлық атқару билік органына жалпылама құқық беруден бас тартып арнайы мамандандырылған саланы қалыптастыру арқылы рұқсат беру мен лицензиялау саласын кәсіби құқықтық реттеуге көшуді ұсынамыз.

3 Білім беру саласы халықаралық интеграцияға ұшырауына орай үш деңгейлі білім беру жүйесіне көшкені белгілі. Білім беру ұйымдарын лицензиялау түрлері де күрделеніп отыр. Аттестация, аралық аттестаттау, қорытынды аттестаттау, аккредитация, аккредиттеу органы, аккредиттеу стандарттары, білім беру ұйымдарын аккредиттеу, білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттау, мамандандырылған аккредиттеу сынды көптеген терминдердің енуімен жаңа түсініктер қалыптасын білім беру ұйымдары өз қызметтерін икемдеп келуде. Біздіңше, әр бір білім беру деңгейінің қызметіне рұқсат беретін арнайы ережелердің болуы қажет етіп отыр. Себебі тек жоғары білім беру саласын алатын болсақ оның өзі жоғары білім, жоғары білімнен кейінгі білім беру магистратура мен доктарантура, постдоктарантура, екінші жоғары білім беру, қайта білім беру т.б. түрлері көп. Сонымен қатар оның басқару құрылымына қарай өз кезегінде университеттер көптеген түрге бөлінеді. Олар ұлттық университет, мемлекеттік университет, халықаралық университет, жеке меншік университет, ғылыми зерттеу университеті, автономды университет және т.б. біз әлі колледж бен орта білім және мектеп алды білім беру мекемелері мен ұйымдарының басқару жүйесін қарастырған жоқпыз. Егер олардың әрқайсысын жеке дара қарастыратын болсақ онда білім беру салсын лицензиялау туралы жеке дара заңнама емес қайта осы білім беру жүйелерін құқықтық реттеуді біріктіру арқылы кешенді сала ретінде арнайы білім беру саласын лицензиялау туралы заң қабылдауды ұсынамыз. Нормативтік құқықтық актілерді жинақтап заң қабылдау аталған саланы мемлекеттік реттеудің маңыздылығы мен мемлекеттік қабағалаудың барлығы тиісті сланың сапалы дамуына оң септігін тигізері анық.

4 Білім саласында азаматтардың конституцияда кепілдік берілген білім алу құқығын қамтамасыз ету үшін білім беру саласын мемлекеттік бақылау қажет. Мемлекеттің шығарға заңнамаларын нақты әрі ділме дәл орындалуына қамтамасыз ету үшін мемлекеттік қадағалау маңызды. Біздің ойымызша мемлекеттік қадағалауды қолданыстағы Білім туралы, Ғылым туралы, Қылмыстық кодексте арнайы жауапкершілік жүктейтін бапты енгізу арқылы мемлекеттік бақылауды күшейту қажет деп ойлаймыз. Білім берудің сапасын арттыру тек бәсекелістік орнату арқылы ғана емес сонымен қатар, білім беру ұйымдарының материалдық ғылыми тәжірибелік құндылықтарына қойылатын талапты арттыру арқылы лицензиялау тәртібін қатаңдату арқылы жауапкершілікті күшейту қажет деп ойлаймыз.

Қорытынды

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, білім беру саласын лицензиялауды әр түрлі сатыға бөлу арқылы құқықтық реттеу айтарлықтай нәтижеге қол жеткізбейді деп ойлаймыз. Білім беру саласындағы әр түрлі объектілерді лицензиялау мен рұқсат беру тәртібінің де әр түрлі болуы, олардың қызмет көрсету аясы бойынша әр түрлі нормативтік құқықтық актілермен реттелуі осы саланы реттеу барысында көптеген қиындықтар туындатады деп ойлаймыз. Сондықтан да, қолданыстағы заңнамаларды жинақтап Білім беру туралы кодекс түрінде қарастырып

білім беру саласын мемлекеттік стандарттарды қалыптастыру мен оны қадағалауға мүмкіндікке ие болу және білімнің сапасын арттыру үшін де білім беруді лицензиялауды қажет етеді.

Алғыс айту, мүдделер қайшылығы. Білім беру саласында лицензиялауды енгізу барысында барлық қызмет көрсету қызмет түріне емес, оның тек табыс табуға бағытталған қызмет көрсету бөлігіне енгізген жөн деп ойлаймыз. Мысалы, білім беру арқылы табыс табу көзіне айналдыру, білім беру қызметінде бизнес тетіктерін ергізу арқылы пайда табу, пайда табуды көздемейтін ұйымның қызметін өзге ұйымдардың делдалдық қызмет көрсету арқылы пайда табуына мемлекеттің жол бермеуі ол тек заңнама тұрғысынан ғана шектеу арқылы құқықтық реттеуге болады. Осы тұрғыдан алғанда білім беру саласын лицензиялау тиісінше құқықтық реттеу тетірі болып отыр.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақстан Республикасының Конституциясы. Конституция 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды. 2023 жылғы жылғы өзгерістерді қоса алғанда. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_
- 2 Білім беру қызметін лицензиялау тәртібі. URL: <http://akmolacontrol.gov.kz/files/pdf/1-2.pdf>.
- 3 Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне лицензиялау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы № 222 заңы. URL: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000222_
- 4 Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне дербес білім беру ұйымдарының қызметін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы. Қазақстан Республикасының заңы 2015 жылғы 21 шілдедегі № 337-V ҚРЗ. URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000337>.
- 5 ЖОО-ның академиялық және басқару еркіндігін кеңейту жөніндегі заңнама қабылданды. URL: http://tarmpu.kz/index.php?option=com_content&view=article&id=1830:2017-05-31-04-08-50&catid=34:2011-01-10-20-47-55&Itemid=1&lang=kz.
- 6 Коммерциялық емес ұйымдар туралы. Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 қаңтардағы № 142 Заңы. URL: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z010000142_#z17
- 7 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі жоғары оқу орындарының кейбір мәселелері туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 11 қазандағы № 752 қаулысы. URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P19000007527>.
- 8 Инновациялық технологиялар паркі инновациялық кластері туралы. Қазақстан Республикасының заңы 2014 жылғы 10 маусымдағы № 207-V ҚРЗ. URL: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1400000207/z14207_.htm
- 9 Рұқсаттар және хабарламалар туралы. Қазақстан Республикасының Заңы 2014 жылғы 16 мамырдағы № 202-V ҚРЗ. URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1400000202>
- 10 Техникалық реттеу туралы. Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 қарашадағы № 603 Заңы. URL: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z040000603_#z30.
- 11 «Білім беру қызметін лицензиялау ережесі» URL: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P070000452_/compare.
- 12 Кайшыгулова Ж.Т. Процедура государственного надзора в сфере образования в Республике Казахстан // Фундаментальные исследования. – 2012. – № 3. – С. 33–37. URL: <http://fundamental-research.ru/ru/article/view?id=29332> (дата обращения: 07.05.2022)

REFERENCES

- 1 Qazaqstan Respublikasynyñ Konstitusiasy. Konstitusia 1995 jyly 30 tamyzda respublikalyq referendumda qabyldandy. 2023 jylgy jylgy özgeristerdi qosa alğanda. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_ (In Kazakh).
- 2 Bılım beru qyzmetin lisenzialau tǵrtıby. URL: <http://akmolacontrol.gov.kz/files/pdf/1-2.pdf>. (In Kazakh).
- 3 Qazaqstan Respublikasynyñ keibir zañnamalyq aktilerine lisenzialau мәseleleri boıynsha өзgerister men tolyqtyrular engizu turaly. Qazaqstan Respublikasynyñ 2007 jylgy 12 qañtardağy No. 222 zañy. URL: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000222_ (In Kazakh).

4 Qazaqstan Respublikasynyñ keibir zañnamalyq aktilerine derbes bilim beru üiymdarynyñ qyzmetin retteu мәseleleri boıynsha özgerister men tolyqtyrular engizu turaly. Qazaqstan Respublikasynyñ zañy 2015 jylǵy 21 şıldedegı No. 337-V QRZ. URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000337>. (In Kazakh).

5 JOO-nyñ akademialyq jáne basqaru erkindigin keñeitu jónindeǵı zañnama qabyldandy. URL: http://tarmpu.kz/index.php?option=com_content&view=article&id=1830:2017-05-31-04-08-50&catid=34:2011-01-10-20-47-55&Itemid=1&lang=kz. (In Kazakh).

6 Komersialyq emes üiymdar turaly. Qazaqstan Respublikasynyñ 2001 jylǵy 16 qañtardaǵy No. 142 Zañy. URL: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z010000142_#z17 (In Kazakh).

7 Qazaqstan Respublikasy Bilim jáne ǵylym ministrlyǵı joǵary oqu oryndarynyñ keibir мәseleleri turaly. Qazaqstan Respublikasy Ükimetiniñ 2019 jylǵy 11 qazandaǵy No. 752 qaulysy. URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P19000007527>. (In Kazakh).

8 Innovasialyq tehnologialar parkı innovasialyq klasterı turaly. Qazaqstan Respublikasynyñ zañy 2014 jylǵy 10 mausymdaǵy No. 207-V QRZ. URL: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1400000207/z14207_.htm (In Kazakh).

9 Rūqsattar jáne habarlamalar turaly. Qazaqstan Respublikasynyñ Zañy 2014 jylǵy 16 mamyrdaǵy No. 202-V QRZ. URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1400000202> (In Kazakh).

10 Tehnikalyq retteu turaly. Qazaqstan Respublikasynyñ 2004 jylǵy 9 qaraşadaǵy No. 603 Zañy. URL: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z0400000603_#z30. (In Kazakh).

11 «Bilim beru qyzmetin lisenzialau erejesi» URL: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P0700000452_/compare. (In Kazakh).

12 Kajshygulova Zh.T. (2012) Procedura gosudarstvennogo nadzora v sfere obrazovaniya v Respublike Kazakhstan // Fundamental'nye issledovaniya. No. 3. P. 33–37. URL: <http://fundamental-research.ru/ru/article/view?id=29332> (data obrashheniya: 07.05.2022) (In Russian).

Н.Д. МЫРЗАТАЕВ,*¹

PhD, ассоц. профессор.

*e-mail: muxametnur@mail.ru

ORCID ID: 0000-0001-5397-0332

¹Университет «Туран»,

г. Алматы, Казахстан

ПРАВОВАЯ ОСНОВА ЛИЦЕНЗИОННОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ В СФЕРЕ ОБРАЗОВАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ

Аннотация

В то время как образование является одним из естественных прав человека, образование есть приобретение этого естественного права человека и возможность его реализовать. В своей статье автор заявляет, что образование является нашим конституционным правом в соответствии с нашим материнским законом и что оно защищено этой конституцией. Однако то, что оно не утверждено специальной статьей в основном законе, означает, что вне зависимости от количества механизмов контроля и проверки качества и содержания образования качество образования не прогрессирует, а снижается из-за пробелов. в действующем законодательстве. Удерживая индустрию образования на определенном уровне под своим контролем, государство предлагает правовое регулирование, вводя правила лицензирования, как средство предотвращения превращения индустрии образования в полноценный бизнес с определенным уровнем качественных показателей. Лицензирование направлено на предотвращение различного рода спекуляций и незаконного бизнеса в сфере образования. В связи с тем, что проникновение действующего механизма платного и бесплатного образования не урегулировано на конституционном уровне, во многих действующих законах имеется достаточно пробелов в реализации механизмов его реализации. С этой точки зрения автор поясняет, что лицензирование сферы образования играет важную роль и нуждается в совершенствовании с правовой точки зрения.

Ключевые слова: право на образование, сфера образования, лицензирование, высшее образование, коммерциализация, закон, право.

N.D. MYRZATAEV,*¹

PhD, Associate Professor.

*e-mail: muxametnur@mail.ru,

ORCID ID: 0000-0001-5397-0332

¹Turan University,

Almaty, Kazakhstan.

LEGAL BASIS FOR LICENSING ACTIVITIES IN THE FIELD OF EDUCATION IN KAZAKHSTAN

Abstract

While education is one of the natural human rights, education is the acquisition of this natural human right and the opportunity to realize it. In his article, the author states that education is our constitutional right in accordance with our mother's law and that it is protected by this constitution. However, the fact that it is not approved by a special article in the basic law means that, regardless of the number of mechanisms for monitoring and verifying the quality and content of education, the quality of education does not progress, but decreases due to gaps in the current legislation. Keeping the education industry under its control at a certain level, the state offers legal regulation, introducing licensing rules as a means of preventing the transformation of the education industry into a full-fledged business with a certain level of quality indicators. Licensing is aimed at preventing various kinds of speculation and illegal business in the field of education. Due to the fact that the penetration of the current mechanism of paid and free education is not regulated at the constitutional level, there are enough gaps in the implementation of its implementation mechanisms in many existing laws. From this point of view, the author explains that licensing of education plays an important role and needs to be improved from a legal point of view.

Key words: right to education, sphere of education, licensing, higher education, commercialization, law, law.

FTAXP 10.07.53

ӨОЖ 340.13

JEL K 30

Н.Д. МЫРЗАТАЕВ,¹

PhD, қауымд. профессор.

e-mail: muxametnur@mail.ru

ORCID ID: 0000-0001-5397-0332

Г.Ш. АТАЛЫКОВА,^{*1}

құқық магистрі, аға оқытушы.

*e-mail: g.atalykova@turan-edu.kz

ORCID ID: 0000-0003-3916-2034

¹«Тұран» университеті,

Алматы қ., Қазақстан

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫНЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Андатпа

Білім беру саласы әлеуметтік сала болғандықтан ондағы заңнаманың орындалуы барлық қоғам мүшелеріне әсер етуі білім беру саласындағы жапкершіліктің орындалуына байланысты. Білім беру саласын басқару органдарының салғырттығы мен заңнаманы сақтамауы, немесе заң нормаларын бұзушылыққа баруының жиі болуы осы саладағы жауапкершілікке заң нормасының қаншалықты құқықтық реттелгендігін аңғартып отыр. Білім беру саласында осы саланы басқарушылардың құқықтық нормаларды сақтауы, оның нормаларын жүзеге асырумен, қолдану көрсеткіштері көптеген мәселелерді туындатады. Заңнаманың негізгі мақсаты білім беру саласындағы құқықтық бұзушылықтарды болдырмау, жолын кесу, алдын алу, және құқық бұзушылық бола қалғанда оған міндетті түрде жауаптылыққа тартылатындығын алдын ала ескерту болып табылады. Қолданыстағы Білім туралы, Ғылым туралы және Педагогтардың мәртебесі туралы заңнамаларды білім беру саласын басқару органдарының құқықтық жауапкершілігі көрсетілмеген. Олар Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексте және Қылмыстық кодекстерде ғана санкцияланған. Сондықтанда болар арнай заңнамалардағы жауаптылықтың нақты көрсетілмеуі осы саладағы құқықбұзушылықтарды түбегейлі тежемеуге қауқарсыздық танытып отырғаны. Автор «Білім беру саласында жасалып жататын құқық бұзу әрекеттеріне дұрыс ден қою мақсатында білім берудің түрлі деңгейлерінде және түрлі білім беру мекемелерінде болуы мүмкін құқық бұзушылықтардың құрамын, түрлерін неғұрлым нақты, барынша айқын және сараланған түрде анықтап алған жөн. Оқыту процесін регламенттейтін нормаларды бұзумен, оқыту процесінің барлық қатысушыларының құқықтары мен заңды мүдделеріне қысым жасаумен және оларды бұзумен байланысты бұзушылықтардың барлығы қамтылуға тиіс.» – деген пікір білдіреді.

Тірек сөздер: білім беру саласы, басқару органдары, жауапкершілік, құқықбұзушылық, жаза, құқық, заңнама.

Кіріспе

Білім беру саласындағы заңнаманы бұзу мен осы саладағы басқару мекемелерінің жауапкершілігі қоғам мен мемлекеттегі аса маңызды, өзекті мәселе болып табылады. ҚР-ның білім туралы заңында азаматтардың құқықтары, оның ішінде білім беру мекемелерінің тәрбиеленушілері мен оқушыларының құқықтары, сондай-ақ мемлекеттік билік органдары мен білім беру мекемелерінің білім беру туралы заңнама талаптарын орындау міндетін бекітетін заңнамалық ережелер бар. Бірақ бұл білім туралы заңнаманы бұзу немесе сақтамағандығы үшін жауапкершілік пен жауаптылық санкциялары бекітілмеген. Нақ осы мәселе тақырыбымыздың өзектілігін аша түседі. Білім туралы заңнаманы бұзудың алдын алуда және оған жол бермеуде осы жоғарыда аталған мәселе бірқатар қиындықтар тудырады, білім беру саласындағы бақылау мен қадағалау бойынша мемлекеттік функцияны тиімді де нәтижелі жүзеге асыруға кедергі келтіреді.

Зерттеудің алдына қойған мақсаты: Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы басқару органдарының жауапкершілігі талдау, зерттеу, қарастыру.

Зерттеудің алдына қойған міндеттері:

- ♦ Жауапкершілік ұғымын айқындап, оның мән-мағынасын жан-жақты талдау;
- ♦ Білім беру саласындағы заңнаманы бұзғаны үшін жауапкершілікті белгілеу;

- ♦ Білім беру саласындағы басқару органдарының жауапкершілігінің мәселелері мен кемшіліктері және оларды шешу жолдарын анықтау;

- ♦ Құқық нормаларын орындамау және бұзу үшін жауапкершілікке тарту негіздерін ашу және оның орындылығын негіздеу.

Зерттеу жұмысының объектісі болып – білім беру саладағы құқық бұзушылықтар, осы саланы басқару мекемелерінің жауапкершілігі, құқық бұзушылықтардың алдын алу, жолын кесу, білім беру саласында бұзылған құқықты қалпына келтіру жүйесі болып табылады.

Зерттеу пәні – Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы нормативтік құқықтық актілер, ҚР Білім туралы заңы, білім және ғылым министрілігінің нормативтік құқықтық актілері және отындық шет елдердің ғалымдарының ғылыми еңбектері мен бұқаралық ақпарат құралдарындағы осы мәселеге қатыс бар жариялымдар.

Материалдар мен әдістер

Жалпылама императивтік және диспозитивтік нормаларға теориялық түсініктер беру. Білім беру саласындағы құқық бұзушылықтарды айқындайтын және олар үшін құқықтық жауапкершілікті белгілейтін нормаларды салыстыру үшін салыстырмалы-құқықтық әдіс қолданылды.

Мәселенің зерттелу алыс жақын шетелдік және отандық Ю.А. Денисовтың, С.С. Алексеевтың, В.К. Бабаевтың, М.Л. Байтиннің, В.М. Сырыхтың, П.П. Барановтың, Н.А. Беляевтың, А.Л. Бойцовтың, Я.М. Брайниннің, С.Л. Братусьтің, В.Л. Бурлаковтың, И.А. Возгриннің, Ғ. Сапарғалиевтің, С. Зимановтың, Б.О. Алтынбасовтың ғылыми еңбектері мен бұқаралық ақпарат құралдағы жарияланымдары ғылыми жұмыстың теориялық негізіне алынып қарастырылды.

Негізгі ережелер

Білім беру сапасы көптеген факторларға, сонымен қатар едәуір дәрежеде білім беру сапасын қамтамасыздандыру жүйесін басқару және дамыту тиімділігіне байланысты екендігі белгілі. Өз кезегінде қазақстандық білім беруді жаңартудың осы екі маңызды бағыттары субъектілердің білім беру туралы заңның білім беру қатынастарын сақтауына және білім беру саласындағы қатынастарды әкімшілік-құқықтық реттеу сапасына байланысты, мұны Қазақстанда әкімшілік реформа жүргізу кезінде бағалау өте өзекті.

Қазіргі уақытта әкімшілік реформаның салыстырмалы түрде аз бөлігі ғана мыстылық жүзеге асыру кезеңіне жетті. Оның басым бағыттарының кейбіреулері бойынша жұмыстар әлі басталмаған. Ең алдымен бұл жаңа жағдайларда жұмыс істеу үшін қажетті атқарушы билік органдарының құзыреттіліктерін жүзеге асыру механизмдеріне қатысты. Мемлекеттік қызметтердің сапасы және қолжетімділігі стандарттары әзірленбеген, мемлекеттік қызметтерді атқару мен мемлекеттік қызмет көрсетудің әкімшілік тәртіптерін құрудың жұмыс істеу жүйесі мен логикасы айқын емес. Мемлекеттік бақылау мен қадағалау, әкімшілік сипаттағы мемлекеттік реттеудің әр түрлі нысандарының тиімділігін жоғарылатуды көздейтін әкімшілік шектеулерді ары қарай қысқартуға бағытталған шаралар дамуы тиіс. Әкімшілік реформаның нәтижесі мемлекеттік басқару саласындағы әрекеттер үшін жауапкершілікті күшейту болуы қажет. Азаматтардың заңды құқықтары мен қызығушылықтарын қамтамасыздандыру мүддесінде, олардың өздерінің, әкімшілік ұжымдар мен ұйымдардың, азаматтың немесе қандай да бір деңгейде жедел басқаратын функцияларға ие тұлғаның әрекеті азаматтың конституциялық құқықтарын жүзеге асыру үшін маңызды болатын салаларды лайықты жауапкершілігін қамтамасыздандыру аса маңызды.

Әкімшілік-құқықтық нормалардың таза аппараттық, яғни атқарушы билік органдарының қызметін ғана реттейтіндігіне жатпайтыны белгілі. Бұл нормалардың рөлі аса көпқырлы, бұл мемлекеттік-басқарушылық қызметті атқарушы билікті мыстылық жүзеге асырудың нысаны ретінде тағайындау мен мәнінен шығады. Басқару аппараты күнделікті төменгі тармақтармен де, мемлекеттік басқару саласында қызмет ететін немесе қалай да бір оның мүдделерін қозғайтын барлық басқа да тараптармен де байланысты. Бірінші жағдайда сипаты бойынша

мемлекеттік әр түрлі түзілімдер (кәсіпорындар, мекемелер және т.с.с.), ал екіншісінде-саяси, әлеуметтік-мәдени, шарушалық типтегі мемлекеттік емес түзілімдер, азаматтар туралы айтылған. Атқарушы биліктің міндеттері мен функцияларын жүзеге асыру бойынша іс-әрекет қаншалықты әмбебап болса, әкімшілік-құқықтық нормалар да соншалықты әмбебап. Білім беру қатынастары, олар құқықтық реттеуге жататын бөлімде, біршама дәрежеде әкімшілік-құқықтық әсер ету объектісі болып табылады және білім берудегі жауапкершілік мәселелерін біз ең алдымен әкімшілік құқық призмасы арқылы қарастырамыз [1, 125 б.].

Жауапкершіліктің анықтамаларының бірі әкімшілік құқық ғылымында былайша құрастырылған: (Басқарудағы жауапкершілік құқықпен реттелген, белгілі бір міндеттерді саналы түрде орындайды деп танылған басқару субъектісі, қасақана, ұқыпсыз немесе абайсызда оларды орындамайды немесе мемлекеттің, қоғамның, азаматтардың мүдделеріне әлеуметтік маңызды хзиян келтіре отырып орындайтын қатынастардың жүзеге асырылуын білдіреді, соған байланысты мемлекет, қоғам, ұжым атынан арнайы органдар құқық бұзушыға ықпал ету шараларын немесе жазалау шараларын қабылдайды, олардың мақсаты-жәбірленушінің бұзылған мүддесін қалпына келтіру, бұзушыны жазалау, оны тәрбиелеу және басқарудың басқа субъектілері тарапынан осыған ұқсас юзушылықтардың алдын алу және солайша басқару саласындағы тұрақты құқықтық тәртіп пен мемлекеттік тәртіп жағдайларын жасалды». Сөзсіз, бұл анықтаманы кейбір түзетулермен білім беру саласында да пайдалануға болады. Азаматтар мен лауазымды тұлғаларға, басқа да басқарушы субъектілерге білім беру саласындағы кез келген әлеуметтік қызметті-оқыту (педагог ретінде де, оқушы ретінде де), тәрбиелеу, білім беру мекемесін басқару, сонымен қатар жеке мемлекеттік функциялар-бақылау, көпшілік қызметтерді көрсетуді жауапкершілік ұғымын меңгеруден бастаған жөн. Білім беру ұйымдары көрсететін білім беру жүйесінің тиімділігі мен қызметтер сапасын арттыру көбінесе білім беру қатынастарының барлық қатысушыларының осы салада қызмет ететін құқықтық нормаларды сақтау мен орындауға жауапкершілікпен қарауына байланысты. Білім беру саласында адалдық пен субъективті құқықты асыра пайдаланудың ретсіздігі принципін жеке және көпшілік қызығушылықтардың үйлесімін қамтамасыздандыру әдісі ретінде белгілеген маңызды. Білім беру саласында басқаруды жүзеге асыратын органдардың қызметі сапасыз білім беру мен білім беру туралы заңды бұзғаны үшін жауапкершілікті күшейтуге бейімделуі тиіс. Сәйкесінше, білім беру саласындағы жауапкершіліктің әсерлі механизмі болуы керек, сәйкес құқықтық институт қажет. Қазіргі таңда білім берудегі жауапкершілік мәселелерін реттеу белгілі кемшіліктермен және жеткіліксіз тәртіппен сипатталады. Бұл институттың дамуы әкімшілік-заңдақ нысанның және білім берудегі әкімшілік процедуралардың маңызының өсуіне байланысты.

Білім беру саласындағы жауапкершілік ерекше сипатқа ие. Ең алдымен, бұл білім беру саласының әлеуметтік маңыздылығына және азаматтардың білім алу құқығының конституциялық сипатына байланысты. Сонымен бірге, білім беру қатынастарының барлық қатысушылары арнайы құқықтық мәртебеге ие. Сонымен қатар олар әкімшілік құқықтың ұжымдық субъектісі болып табылады, ал педагогикалық қызметкерлер мен әкімшілік, солармен қатар еңбек құқығының жеке субъектілері, және бұл жағдайлар білім беру саласындағы бұзушылық үшін жауапкершілік нысандары мен тәілдерін анықтауда ескерілуі тиіс.

Білім беру саласындағы жауапкершілік субъектілері:

Лауазымды тұлғалар- білім беру саласында басқару функциясын жүзеге асыратын атқарушы билік органдарының қызметкерлері, сәйкес құзыретке ие муниципалдық органдардың қызметкерлері;

Заңды тұлғалар, ең алдымен білім беру мекемелері;

Білім беру мекемелерінің басшылары және олардың орынбасарлары;

Ұйымдастырушылық-басқарушы құзыреттіліктерге ие тұлғалар (қабылдау комиссияларының жауапы хатшылары);

Педагогикалық және ғылыми-педагогикалық қызметкерлер;

Оқушылардың барлық санаттары және тәрбиеленушілер;

Оқушылар мен тәрбиеленушілердің ата-аналары (заңды өкілдері);

Білім беру ұйымдарының құрылтайшылары.

Соңғы кездегі бағдарламалық құжаттарда білім беру саласындағы жауапкершілікті күшейту қажеттігі көрсетілген, алайда бұл бағыттағы жүйелі жұмыс бұрынғысынша жүргізілмейді.

Білім беру заңнамасындағы көптеген өзгерістер мен толықтырулардың білім беру мекемелері мен білім беру процесіне қаысушылардың жауапкершілігі мәселесіне қатысы жоқ. Қазіргі уақытта білім беру қатынастарының қаысушыларының әлеуметтік жауапкершілігін күшейту үшін білім беру туралы заңды бұзатын немесе орындамайтын тұлғалар мен ұйымдарды жауапкершілікке тарту үшін құқықтық негіздер құру қажеттілігі туындады. Білім беру саласы үшін, кейбір ғалымдардың пікірінше, заңдық тұлғаларға кінәлі тұлғаның құқыққа қарсы тәртібінен болған қосымша жағымсыз салдарды басынан кешіруді (рестроспективті заңдық жауапкершілік) қосатыны аса өзекті [2, 75 б.]. Мұндай тәсіл, әсіресе фактілік пайдаланылатын шараларды: студенттерді оқу-тәрбиелеу процесіне байланысты емес, білім беру мекемесінің қабырғасынан тыс құқық бұзғаны үшін оқудан шығару, жок-нан шығармай жатақханадан босату, қайта оқу жылына қалдыру, өткізіп алған сабақтарды өтеу және т.б. заңдық негіздеуге және бекітуге мүмкіндік береді. Соңында, білім беру қатынастарының ерекшеліктерін ескере отырып білім беру саласындағы арнайы жауапкершілік субъектілерін-мәртебелері нақты білім беру туралы заңнамада бекітілуі тиіс оқушылар мен педагогикалық қызметкерлерді де бөлу қажет.

Мұның барлығы білім беру туралы заңнамаға, кейін ҚР еңбек кодексіне әкімшілік құқық-бұзушылықтар туралы білім беру заңының негізінде немесе нормаларын ескере отырып сәкес өзгерістер енгізуді қажет етеді. Бұл мақсаттарда дамыған шет мемлекеттердің оң тәжірибесін қолданған жөн.

Білім беру саласындағы құқықтық нормалардың орыдалуын қамтамасыздандыруды бақылаудың әсерлі нысаны лицензиялау мен аккредитациялау рәсімдері болуы тиіс. Бұған білім беру саласындағы қолданыстағы тәртіптер мен тәртіптердің қайта дайындалған жобалары бағытталған. Білім беру мекемелері мен білім беруді басқару органдарының басшылары білім беру сапасы мен осы саладағы заңнаманың сақталуына жеке жауапкершілік алуы тиіс. Тексеріс нәтижелері бойынша білім беру мекемелерінің өзіне, педагогтарына шара қолдану тәжірибесін дамыту қажет.

Алайда тексеруші органдар да ойынның тәртібін сақтауы, ведомтсовға бағынышты мекемелер қызметін тексерудің әр түрлі нысандарындағы басқару процедураларын нақтылауы тиіс. Лауазымды тұлғалар мен білім беру саласындағы басқаруды жүзеге асыратын органдардың жауапкершілігін арттыруға әкімшілік тәртіптер ықпал етеді деп күтілуде: оларда мемлекеттік қызметкерлердің мемлекеттік органның тәртібіне сәйкес қызметтік міндеттерді атқармауы немесе лайықсыз атқарғаны үшін жауапкершілікті белгілейтін нормалар тұжырымдалған. Дегенмен мұндай тәртіптер білім беру қатынастарының басқа субъектілерінің қызмет саласын қамтымайды, олар тек шамалы дәрежеде білім беру саласындағы заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайтуға ықпал етеді. қазіргі уақытта білім беру саласындағы бақылау мен қадағалау бойынша мемлекеттік қызметтер көрсеті функцияларын жүзеге асыратын, білім беру саласында басқаруды, екінші дәрежелі сипатағы кейбір тәртіптерді жүзеге асыратын атқарушы билік органдарының ішкі ұйымдастырылу тәртіптері бекітілген.

Білім беру қатынастарының барлық қатысушыларының жауапкершілігі туралы мәселені, тек білім беру мекемелерінің білім беру және басқа да, қызмет түрлерінің процедуралары дайындалған және нормативтік бекітілген жағдайда ғана қозғауға болады. Мұндай актілер оқу процесіндегі, білім беру мекемелеріне қабылдану кезеңіндегі, стипендия тағайындаудағы, тәрбие жұмыстары мен оқудан тыс іс-шараларды өткізудегі, жатақхана берудегі, тәртіптік және материалдық жауапқа тартудағы тәрбиеленушілер мен оқушылардың мүдделерін қорғауды және көзқарастардың бір жақтылығын қамтамасыздандырады және білім беруді басқаруды оңтайландыруға мүмкіндік береді. Басқару қызметінің барлық түрлері үшін тәртіптер мен стандарттар талап етіледі.

Сонымен бірге оқушылар мен тәрбиеленушілердің қорғалуын күшейту олардың жауапкершілігін арттыруды да қажет етеді, әсіресе бюджет қаражаты есебінен кәсіптік білім алушы тұлғаларда. Ал мысалға, жұмыс беруші оқуға жолдаған қосымша кәсіптік білім беру жүйесіндегі тыңдармен екі есе жауапкершілік алуы қажет: білім беру мекемесінің алдында және жұмыс берушінің алдында. Сондықтан студенттің және оқушылардың басқа санаттарының құқықтық мәртебесінің моделін кешенді жетілдіру міндеті орынды.

Аккредиттелген білім беру мекемелеріндегі білім беру сапасын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру қызметін реттейтін ҚР «Білім туралы» заңының 59 бабында, білім беру меке-

мелеріне егер олардағы оқушыларды дайындау сапасы мен мазмұны мемлекеттік білім беру стандарттарына, мемлекеттік талаптар мен білім беру стандарттарына сәйкес келмесе қабылдануы мүмкін шаралар анықталған.

Бұл норма ұзақ уақыт бойы айтарлықтай декларативті болды, факілік түрде пайдаланылмады, себебі оны орындау сол қалпы құрылмаған мемлекеттік аттестациялау қызметіне жүктелген болатын. Бұл баптың бүгінгі редакциясын да өте тиімді деп санауға болмайды, себебі жоғарыда айтылып кеткендей, ықпал етудің негізгі шарасы бұрынғысынша білім беру мекемелеріне немесе ғылыми ұйымдарға және олардың басшыларына осындай сәйкессіздікті жою туралы орындалуы міндетті бұйрықтар жолдау болып табылады.

Жоғарыда аталған нормалар, мақсаты ҚР білім туралы заңын бұзудың алдын алу және оған жол бермеу, бұзушылықтарға уақытылы жауап беру, сондай-ақ тұлғаларды өздері жасаған құқық бұзушылыққа сәйкес жауапкершілікке тарту болатын бақылау жүйесін айтарлықтай шектік құқықтық реттеуді білдіреді.

Білім беруді ұйымдастыру мен оны басқару ең алдымен әкімшілік құқық саласына жатаындықтан, ҚР әкімшілік құқықбұзушылықтар туралы кодексінде, мысалы, кодексте жеткілікті нормалар санымен көрсетілген ветеринария, байланыс, көлік, қоршаған ортаны қорғау және т.б. қарағанда, білім беру саласындағы құқықбұзушылықтар үшін жауапкершілік туралы бөлім жоқ. Білім беру қатынастарының құқықтық реттеу механизмдерін жетілдіру және білім беру құқығын жүзеге асыруға мемлекеттік кепілдіктерді қамтамасыздандыру мүддесінде ӘҚКо-де «Білім беру саласындағы әкімшілік құқықбұзушылықтар» арнайы бөлімі болуы тиіс, азаматтардың құқығына қол сұғатын әкімшілік құқықбұзушылықтар» бөліміне де арнайы баптар енгізу қажет.

Кодекстің қазіргі толықсыздығы заңшығарушының білім беру саласындағы құқықбұзушылықтар мәселесіне жеткіліксіз назар аударуымен түсіндіріледі. Білім беру саласындағы құқықбұзушылықтар мен жауапкершілік мәселелерін әр түрлі тұрғыда Д.Н. Бахрах Спасская және т.б. зертеген. Алайда осы уақытқа дейін ең орынды идеялар мен ұсыныстар заң шығару және басқа да нормативтік актілерден көрініс таппаған, тек қана жоғарыда аталған ҚР білім туралы заңының жалпы бөлімінің жобасында ғана аталған, соның өзінде сәйкес жұмыстың қайта жаңартылуына ешқандай үмітсіз тұрып қалған.

Кейбір әдебиет көздерінде классикалық заң ғылымдары өкілдерінің білім беру қатынастарын реттеу мәселелеріне неғұнрайлығы көрінеді. Осылайша, мысалы, Д.А. Лапинский өзінің «Заңдық жауапкершілік мәселелері» монографиясында, білім беру қатынастары реттелетін «Білім туралы» федералдық заңмен қатар ӘҚКо қоғамдық қатынастардың аталмыш саласындағы құқықбұзушылықтар үшін жауапкершілік жүйелі түрде орнатылады деп жазған [3, 11 б.].

Шын мәнісінде, бұл мәселені мұқият талдау оның шешімінің аяқталу кезеңінен әлі өте алыс екендігін көрсетеді.

Білім беру саласындағы әкімшілік жауапкершілік тұжырымдамасын әзірлеу үшін ең алдымен бұл саладағы әкімшілік жауапкершілік институтын үзетін негізгі нормативтік құқықтық актілерді кешенді зерттеу қажет, содан кейін оның қоғамдық қатынастардың бұл әлеуметтік маңызды саласындағы құқықбұзушылықтар үшін жауапкершіліктің әсерлі механизмінің қызмет етуін қамтамасыздандыру үшін толықтығы мен жеткіліктігін анықтау мақсатында әкімшілік жауапкершілік туралы жалпы заңнаманың нормаларымен салыстыру қажет.

Талдау үшін білім беру саласындағы қатынастарды реттейтін әр түрлі нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ азаматтардың білім алуға конституциялық құқығын жүзеге асыруды қамтамасыз ететін ведомстволық актілерді қолдануға болады. Жоғарыда аталғандай, барлық әкімшілік құқықбұзушылықтар үшін жауапкершілік субъектілері ҚР мемлекеттік билік органдарының лауазымды тұлғалары ғана емес, сонымен қатар білім беру мекемелерінің басшылары, педагогтар, білім беру жүйесінің басқа қызметкерлері, сонда-йақ құзыретті органның актімен лауазымды тұлға мәртебесін алған: заңды тұлғалар – білім беру және ғылыми мекемелер, және оқушылар, тәрбиеленушілер, олардың ата-аналары (заңды тұлғалары) болуы тиіс. Білім беру саласындағы құқықбұзушылық үшін жауапкершілік, теріс қылықтың ауырлығына қарай ескерту, әкімшілік айыппұл салу, біліктіліктен айыру, әкімшілік қамау түрінде болуы мүмкін.

Студенттер мен оқушылардың басқа санаттарына әкімшілік құқықта тәртіптік жауапкершілік орнатылған. Ең алдымен ол білім беру мекемелері туралы типтік ережелердің талаптарын (академиялық құқықтар мен бостандықтар бөлімінде) және жатақханада тұру ережелерін сақтамауға байланысты. Алайда оқушылар үшін тәртіптік жауапкершілік шаралары көбінесе еңбек құқығының нормаларында қарастырылған шараларға сәйкес, ӘҚКо қажетті ұқсас-нормалар жоқ. Сонымен бірге студенттер үшін жауапкершілік шаралары айыппұлдар бола алады, ал «біліктіліктен айыру» ұғымын сәйкес транскрипциясымен оқушыларды күрделі әкімшілік құқықбұзушылықтар үшін оқу мекемелерінен шығаруға да пайдалануға болады. Алайда ең басты мәселе, деканаттар, кафедралар және жок ішіндегі өзін өзі басқару органдарының қызметтерін реттейтін қажетті процедуралардың жоқтығынан студенттер олардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұздан қорғалмаған және олардың құқығын жүзеге асыру механизмінің қажетті дәрежесімен қамтамасыздандырылмаған.

Білім беру қатынастарының негізгі қатысушылары педагогтар мен оқушылардың заңдық жауапкершілік мәселелері маңызды теориялық өңдеуді қажет етеді. білім беру заңнамасы кешенді сипатымен ерекшеленетіндіктен, онда әр түрлі салалардың құқықтық нормалары көрсетілген – әкімшілік, азаматтық, еңбек және т.б. Білім берудегі әкімшілік жауапкершілік те кешенді сипатта. Сондықтан білім берудегі жауапкершілік институтына осы салада пайдаланылатын әр түрлі жауапкершілік шараларын, сондай-ақ құқыққа қарсы тәртіпке кінәлі үшін жағымсыз формада көрсетілген салдарды да кіргізіп, оларды білім беру туралы заңнамада бекіту қажет. Сонда оқушылардың білім беру мекемесінің мүлкіне немесе қызметкерлеріне, оқу мекемесінде болған уақытта басқа оқушыларға тигізген зияны, сабақтан кеткені үшін мүлдітік жауапкершілік, жатақханадағы құқықбұзушылықтар үшін, тиіссіз жерлерде темекі шеккені үшін, оқу процесінің кестесін орындамағаны және т.б. үшін жауапкершілік заңды болады.

Оның үстіне, білім беру құқықтық қатынастарының субъективті құрамының айтарлықтай ерекшеліктерінің болуын ескеру қажет, онда кәмелетке толмағандар, оқу процесіне тікелей қатыспайтын тұлғалар, шектеулі құқық қабілеттілігі бар тұлғалар және т.б. болуы мүмкін. Білім беру қатынастарының ерекшелігі білім беру саласындағы әкімшілік-құқықтық реттеу пәнінің ерекшеліктерін де қамтамасыз етеді.

Әкімшілік-құқықтық нормалар, білім беру саласындағы қатынастарды реттей отырып, тек қана реттеуші емес, қорғаушы функция да атқарады. Білім беру саласындағы әкімшілік құқықтың қорғаушы функциялары – қазақстандық заңнамада және құқықтық доктринада аз қатырылған бағыттардың бірі. Әкімшілік-құқықтық реттеудің құндылығын анықтаудың заманауи тәсілдері, әкімшілік-құқықтық норма қоғамдық қатынастардың сәйкес саласында көпшіліктің мүддесін сақтауды қамтамасыздандырумен қатар, азаматтардың және білім беру қатынастарына қатысатын басқа барлық тұлғалардың құқықтары мен заңдық қызығушылықтарын тиімді қорғауды қамтамасыз етуі қажет дегеннен шығады. Білім берудегі жауапкершілік мәселелерін реттейтін барлық белгілі және қажетті нормаларды әкімшілік құқықтың тармақшасы ретінде білім беру құқығының өзіндік институтына біріктіру білім берудегі әкімшілік-құқықтық құрамды күшейтуге мүмкіндік береді.

Білім беру қатынастарын әкімшілік-құқықтық реттеу жалпы құқықтық принциптер – заңдылық, адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау федерализм, халықаралық-құқықтық келісімдердің басымдығына сәйкес, сондай-ақ білім беру процесінің үздіксіздігін қамтамасыздандыру, мемлекеттік және қоғамдық басқару бастамаларының үйлесімдігі, білім беру мекемелерінің автономиясы және т.б. секілді арнайы принциптерді ескеру арқылы құрылуы тиіс.

Әкімшілік-құқықтық нормаларды пайдаланудың айқындылығы мен тиімділігі әзірленген және қабылданған әкімшілік процедуралардың сапасымен тікелей байланысты. Қазақстандық білім беру құқығының әкімшілік бөлігінің жаңа түрін қалыптастыруда, шетелдік заңнамада жиналған оң тәжірибені ескеруге және қажет болған жағдайда алуға мүмкіндік беретін компаративтік әдісті белсенді қолданған жөн. Салыстырмалы-құқықтық әдісі қолдану қажеттілігі қазақстандық білім берудің Болон процесі аясында еуропалық білім беру жүйесіне біріктірілу үрдісімен және аймақтық деңгейдегі әлеуметтік саладағы біріктірілу процестерімен байланысты (ЕврАзЭС, ШЫҰ, ТМД).

Кейбір қорытындыларды шығара отырып, оларды көлемді зерттеудің бастамасы ретінде ғана қабылдап, зерттеу пәніне қатысты білім беру туралы заңнамадағы келесі негізгі ерекшеліктерді, кемшіліктер мен ақауларды бөліп көрсетуге және білім беру саласындағы жауапкершілікті құқықтық реттеудің негізгі бағыттарын анықтауға болады.

Білім беру саласында «тәртіптік теріс қылық» ұғымының нормативтік ережесі жоқ, бұл қандай құқыққа қарсы әрекеттердің осындай деп саналатынын, тәртіптік теріс қылықтарды әкімшілік және азаматтық-құқықтық әрекеттерден қандай сипаттары бойынша ажырату қажет екендігін (оқушылардың білім беру мекемесіне материалдық залал келтіруі құқық ұзушылықтың қандай түріне жатады?), ал ҚР ҚК «Пара алу» 366 бабының диспозициясына жататын қандай жағдайлар өзінен кейін заңда жауапкершілікке де тартуы мүмкін екендігін түсінуде үлкен қиындықтар туғызады. В.М. Сырых былай деген: «Тәртіптік теріс қылықтардың түрлері мен құрамдары «толық емес және жүйесіз» анықталған, бұл білім беру саласындағы қолданыстағы құқықтық тәртіпке қол сұғудың жазасыздығы үшін қосымша жағдайлар жасайды».

Заңда білім беру саласындағы құқық нормаларын бұзушыларға қатысты пайдаланылатын жауапкершілік шараларының қажетті тізімі жоқ.

ҚР ЕК педагогикалық қызметкерлердің жауапкершілігін жекелендіреді, алайда ол не моральдық-этикалық сипаттағы бұзушылықтармен, не еңбек тәртібін бұзумен байланысты. Заңнама педагогтардың, білім беру мекемелері басшыларының оқушылар алдындағы жауапкершілігін қарастырмайды. Педагогтардың, әсіресе тәрбиеленушілер мен оқушылардың қорғансыздық дәрежесі жоғары жерлерде жауапкершілігі жоғары, сәйкесінше мектепке дейінгі мекемелерде, балаларға қосымша білім беру мекемелерінде, бастауыш жалпы білім беретін білім беру мекемелерінде оқу және тәрбие процесін ұйымдастырушыларға талаптар өте жоғары болуы тиіс.

Білім беру саласындағы бұзушылықтарға лайықты жауап беру мақсатында білім берудің әр түрлі деңгейлерінде және білім беру мекемелерінің әр түрлі типтерінде болуы мүмкін теріс қылықтардың барлық мүмкін құрамдарын аса анық, максималды нақты және саралы түрде жазу қажет. Оқу процесін реттейтін нормаларды бұзумен, білім беру процесіне қатысушылардың барлығының құқықтары мен заңды мүдделеріне қысым көрсетумен байланысты құқық бұзушылықтар аталуы тиіс.

ҚР ҚК-нің 325-бабының 2-тармағындағы қылмыстық құқық бұзушылық ірі экологиялық залал келтірген не келтіру қатерін туғызу жағдайында, ірі залал деп табиғатты тұтынушылық қасиеттерін қалпына келтіру үшін қажет шығындардың 1000 АЕК-тен асатын мөлшердегі құндық көрінісі танылады.

Заң шығарушы қылмыстық іс-әрекеттің «залал келтіруге әкеп соғуы мүмкін болуы» ұғымын түсіндірмеген. Жоғары Соттың 20.04.2018 жылғы № 8 нормативтік қаулысының 21-пункті алып тасталғанша осы актіде «адамның денсаулығына немесе қоршаған ортаға елеулі зиян келтіру қаупі» ұғымы кездесті. Іс-тәжірибеде «залал келтіруге әкеп соғуы мүмкін болуы» жағдайына нақты айғақтар болған ретте ғана қылмыстық құқық бұзушылық ҚР ҚК-нің 325-бабымен саралануға жатады.

Сол норманың 2-тармағы, төтенше экологиялық ахуал аумағында қауіпті химиялық немесе биологиялық заттармен еңбек етуде экологиялық талаптарды сақтамағаны үшін жауапкершілікті белгілейді. ҚР ЭК-тің 173-бабында төтенше экологиялық жағдай ұғымына түсінік беріледі.

ҚР ҚК-нің 325-бабының 3-тармағы адам өліміне не адамдардың жаппай сырқаттануы саралаушы белгісімен сипатталады. Жаппай сырқаттануда көп адамдар уақытша еңбек қабілетінен айырылады.

Келесі элемент – қылмыстың субъективті жағы. Мұндағы кінәнің интеллектуалдық және еріктілік моменттері объективті жақтың ерекшеліктерімен тікелей байланысты. Аталған қылмыстық құқық бұзушылықтың кінә нысанына қатысты көзқарастар біркелкі емес. И.Ш. Борчашвилидің еңбегінде, экологиялық тұрғыдан қауіпті химиялық немесе биологиялық заттарды өндіру, тасымалдау, сақтау, көму, пайдалану немесе олармен өзге де жұмыс істеудің экологиялық талаптарын бұзу кінәнің тікелей немесе жанама қасақаналық нысанымен сипатталады. Тұлға экологиялық талаптарды сақтамағандығын сезеді, қоғамға қауіпті зардаптың тууын немесе туу мүмкіндігін болжай алады, тілемейді, бірақ бұл зардаптардың келетіндігіне саналы түрде жол береді немесе оған немқұрайды қарайды [2, 711 б.].

Ал А.Н. Ағыбаев, аталған қылмыстың субъективті жағы тікелей қасақаналық танылады [3, 317 б.] деп санайды. Мұнда, субъекті экологиялық тұрғыдан қауіпті химиялық немесе биологиялық заттарды өндіргенде, тасымалдағанда, сақтағанда, көмгенде, пайдаланғанда не өзге жұмыс жасағанда экологиялық талаптарды сақтамаудың қоғамға қауіптілігін ұғынуы, оның қоғамға қауіпті зардаптарының болуын немесе болмай қоймайтынын болжау алу және осы зардаптардың туындауын қалауы тиіс болады. Алайда автордың, субъектінің іс-тәжірибеде аталған экологиялық талапты бұзуды, қоршаған ортаның ластануы түріндегі зардаптың келуін тілейді деген пікірімен келісу қиын.

ҚР ҚК-тің 325-бабындағы қылмыстық құқық бұзушылықтың субъектісі – тиісті нормативтік-құқықтық актіге сай химиялық және биологиялық заттармен операция жүргізу міндеті жүктелінген, 16 жасқа толған, есі дұрыс жеке тұлға болады. Диспозицияда осы нормамен көзделген экологиялық талаптарды сақтауға жауапты тұлға нақты көрсетілуі тиіс.

Егер әлеуетті қауіпті химиялық немесе биологиялық заттарды өндіру, тасымалдау, сақтау, көму, қолдану немесе олармен басқа еңбектің жүргізілуін қамтамасыз ететін тұлғаның қызметін қызметтік бақылау міндеті жүктелінген лауазымды адам тұлғаны міндетінен шеттетсе, нәтижесінде ҚР ҚК-нің 325-баптың 2, 3-тармақтарындағы зардаптар келген болса, онда субъектінің іс-әрекеті 371-баппен (салғырттық) жиынтық ретінде сараланады.

Сот өндірісінен мысалдарға жүгінсек, сотталушы – еңбек шарты және қызметтік инструкцияға сәйкес, канализация жүйесінің барлық элементтерінің тұрақты, сенімді және тиімді жұмысын қамтамасыз етуге жауапты, канализация аймағының мастері қызметін иемденген азамат К. зақымданған құбырды жөндеуге байланысты шұғыл шараларды қолданбағандықтан туындаған төтенше жағдайға байланысты, тасымалданатын ағынды суларды апатты аймақтан айналдырып ағызғанда тазартылмаған ағынды су 504 шаршы метр аймаққа жайылып, оның 50,4 текше метрі И. су қоймасына құйылады. Ағынды сулардың әсерінен адамның денсаулығы мен қоршаған ортаға айтарлықтай нақты залал келіп, су объектісі мен жерлер бактериялық ластанады. Бұл қылмыстық іс-әрекет қауіпті химиялық немесе биологиялық заттармен жұмыс істеу кезінде қағидаларды бұзу (ҚР ҚК-нің 325-бабы) болып сараланады. Мұнда қылмыстық іс-әрекеттің салдарынан залал адамның денсаулығына, су және жер объектілерінің бактериялық ластануы фактісі негізгі дәлелдеу заты болғандықтан, қылмысты ҚР ҚК-нің 325-бабымен саралауға толық негіз бар деп есептейміз [12].

Іс-тәжірбиеде ҚР ҚК-нің 325-бабын ҚР ҚК-тің 332-бабынан ажыратуда қиындықтардың жиі туындайтыны анық. Бұл нормалар өзара ұқсас. Алғашқы нормада экологиялық талап жөнінде, ал екінші нормада қағидалар жөнінде сөз қозғалады. Экологиялық заңнамада химиялық, радиоактивті немесе биологиялық заттарды сақтау, қолдану, тасымалдау немесе көму жөнінде экологиялық талаптан бөлек олармен жұмыс жүргізудің ережесі бар ма, болса қандай, деген сұрақ орынды туындайды. Химиялық, радиоактивті немесе биологиялық заттарды сақтау, пайдалану, тасымалдау немесе көму кезінде олармен жұмыс жүргізу қағидасы адамның денсаулығы мен өмірінің, сондай-ақ қоршаған ортаның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталары анық және олар арнайы техникалық регламенттермен реттеледі.

Екі норманың ара-жігі қылмыстық құқық бұзушылықтардың құрамын сипаттайтын белгілермен ажыратылады және қылмыстық саралау кезеңдерінен өту арқылы нәтижеге жетеміз.

Кейбір ресейлік еңбектерде қауіпті химиялық немесе биологиялық заттармен жұмыс істеу кезінде ережелерді бұзу, суларды ластау және теңіз ортасын ластау нормаларын ажырату барысында екі түрлі бағыт қалыптасқанын байқауға болады: бірі – РФ ҚК-нің 247-бабын – жалпы норма, ал 250, 252-баптарды – арнайы норма ретінде бәсекелес нормалар; ал екіншісі, бұл нормаларды бәсекелес емес аралас нормалар, деп есептегендер.

Аталған нормаларды бәсекелестер деп қарауды жақтаушылардың бірі – В.Н. Кудрявцев [13], ал аралас нормалар ретінде қарастырушылардың бірі Ю.А. Случевская болды.

Қорытынды

Зерттеу жұмысында жасалған тұжырымдар мен ұсыныстарды қорытындылау орынды. Бұл тұжырымдардың сипаты зерттеу тақырыбымен анықталады. Жүргізілген зерттеу экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимылдың тиімділігі негізінен қылмыстық құқықтық нормалардың лингвистикасының тиімділігіне тәуелді екенін көрсетті.

Ал енді қоршаған ортаға, не адамның денсаулығына келген зардапқа келсек, ҚР ҚК-нің 325-бабындағы зардаптың келуі фрагментімен шатастырады. Әрине, табиғат компоненттерінің бірінің ластану жағдайында міндетті түрде екінші табиғи компоненттің ластанатындығын теріске шығара алмаймыз. Сондықтан да бұл қиындықтарды жою үшін ҚР ҚК-нің 325-бабында қарастырылған қылмыстық іс-әрекеттердің қатарынан «көму», яғни әлеуетті қауіпті химиялық немесе биологиялық заттарды көму әрекетін алып тастаған жөн, шынында жерге қатысты айтсақ, қалдықтар көміледі. Ал ҚР ҚК-нің 332-бабының 1-тармағының диспозициясындағы

«сақтау, тасымалдау немесе» сөздері алынуы қажет. Себебі өзге де қауіпті химиялық, радиоактивті немесе биологиялық заттарды сақтау, қолдану, тасымалдау ҚР ҚК-нің 325-бабымен қарастырылады.

Бұл норманың 2-тармағы сол қалпында қала береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі: 2014 жылдың 3 шілдесі, № 226-V ҚРЗ қабылданған. URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226>
- 2 Борчашвили И.Ш. Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан. Особенная часть. – Алматы: Жеті Жарғы, 2015. – Т. 2. – 1120 с.
- 3 Ағыбаев А.Н. Қылмыстық құқық. Ерекше бөлім: оқулық. – Алматы: Жеті жарғы, 2000. – 520 б.
- 4 Каиржанов Е.И. Объект преступления – интересы социальных субъектов: монография. – Алматы: Экономика, 2008. – 160 с.
- 5 Андреева Л.С. Уголовная ответственность за нарушение правил безопасности при обращении с микробиологическими либо другими биологическими агентами или токсинами: автореф. ... канд. юрид. наук: 12.00.08. – М., 2014. – 28 с.
- 6 Бушуева Т.А. Общественная опасность неосторожных преступлений против природопользования // Проблемы борьбы с преступной неосторожностью в условиях научно-технической революции: темат. сб. – Владивосток: ДВГУ, 1976. – 200 с.
- 7 Виноградова Е.В. Экологические преступления: вопросы квалификации и юрисдикции. URL: <http://www.rumvi.com/products>.
- 8 Қауіптілік класы. URL: <https://kk.wikipedia.org/wiki/>
- 9 Дуюнов В.К. и др. Комментарий к Уголовному кодексу Российской Федерации: (постатейный). – М.: Волтерс Клувер, 2005. – 1104 с.
- 10 Уголовный кодекс Российской Федерации: принят 13 июня 1996 года, № 63-ФЗ (по состоянию на 24.09.2022). URL: <http://logos-pravo.ru/ugolovnyy-kodeks-rf-uk-rf>.
- 11 Уголовный кодекс Российской Федерации с комментариями. URL: <http://stykrf.ru/247>
- 12 БҚО экология департаментінің лауазымды қызметкерлеріне қатысты төрт қылмыстық іс қозғалды. URL: <https://lenta.inform.kz/kz/article/2915881>.
- 13 Кудрявцев В.Н. Общая теория квалификации преступлений. – М.: Юрид. лит., 1972. – 352 с.

REFERENCES

- 1 Qazaqstan Respublikasynyñ Qylmystyq kodeksi. Qazaqstan Respublikasynyñ Kodeksi: 2014 jyldyñ 3 şildesi, No. 226-V QRZ qabyldanğan. URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226> (In Kazakh).
- 2 Borchashvili I.Sh. (2015) Kommentarij k Ugolovnomu kodeksu Respubliki Kazahstan. Osobennaja chast'. – Almaty: Zheti Zharǵy, V. 2. 1120 p. (In Russian).
- 3 Aǵybaev A.N. (2000) Qylmystyq qūyq. Erekeşe bölım: oqulyq. – Almaty: Jeti jarǵy, 520 p. (In Kazakh).
- 4 Kairzhanov E.I. (2008) Ob#ekt prestuplenija – interesy social'nyh sub#ektov: monografija. – Almaty: Jekonomika, 160 p. (In Russian).
- 5 Andreeva L.S. (2014) Ugolovnaja otvetstvennost' za narushenie pravil bezopasnosti pri obrashhenii s mikrobiologicheskimi libo drugimi biologicheskimi agentami ili toksinami: avtoref. ... kand. jurid. nauk: 12.00.08. M., 28 p. (In Russian).
- 6 Bushueva T.A. (1976) Obshhestvennaja opasnost' neostorozhnyh prestuplenij protiv prirodopol'zovanija // Problemy bor'by s prestupnoj neostorozhnost'ju v uslovijah nauchno-tehnicheskoy revoliucii: temat. sb. – Vladivostok: DVGU, 200 p. (In Russian).
- 7 Vinogradova E.V. Jekologicheskie prestuplenija: voprosy kvalifikacii i jurisdikcii. URL: <http://www.rumvi.com/products>. (In Russian).
- 8 Qauıptılık klasy. URL: <https://kk.wikipedia.org/wiki/> (In Kazakh).
- 9 Dujunov V.K. i dr. (2005) Kommentarij k Ugolovnomu kodeksu Rossijskoj Federacii: (postatejnyj). – M.: Volters Kluver, 1104 p. (In Russian).
- 10 Ugolovnyj kodeks Rossijskoj Federacii: prinjat 13 ijunja 1996 goda, No. 63-FZ (po sostojaniju na 24.09.2022). URL: <http://logos-pravo.ru/ugolovnyy-kodeks-rf-uk-rf>. (In Russian).
- 11 Ugolovnyj kodeks Rossijskoj Federacii s kommentarijami. URL: <http://stykrf.ru/247> (In Russian).
- 12 BQO ekologia departamentiniñ lauazymdy qyzmetkerlerine qatysty tört qylmystyq is qozǵaldy. URL: <https://lenta.inform.kz/kz/article/2915881> (In Kazakh).
- 13 Kudrjavcev V.N. (1972) Obshhaja teorija kvalifikacii prestuplenij. M.: Jurid. lit., 352 p. (In Russian).

А.С. КОШКИНБАЕВА,*¹

PhD, асоц. профессор.

*e-mail: a.koshkinbayeva@turan-edu.kz

ORCID ID: 0000-0002-9327-9869

¹Университет «Туран»,
г. Алматы, Казахстан

НАРУШЕНИЕ ЭКОЛОГИЧЕСКИХ ТРЕБОВАНИЙ ПРИ ОБРАЩЕНИИ С ЭКОЛОГИЧЕСКИ ПОТЕНЦИАЛЬНО ОПАСНЫМИ ХИМИЧЕСКИМИ ИЛИ БИОЛОГИЧЕСКИМИ ВЕЩЕСТВАМИ

Аннотация

Охрана окружающей среды – актуальная проблема, и от ее правильного и своевременного решения напрямую зависит жизнь и здоровье нынешнего и будущих поколений. Цель данной статьи состоит в том, чтобы сделать конкретные выводы путем анализа уголовных правонарушений за нарушение экологических требований при обращении с экологически потенциально опасными химическими или биологическими веществами, ответственность за которые предусмотрена статьей 325 Уголовного кодекса Республики Казахстан [1]. Значимость проблем и целей, поднятых в исследовании, выводы и предложения в нем вносят определенный вклад в сферу борьбы с экологическими уголовными правонарушениями, являющимися одной из глав теории уголовного права. Методология исследования представляет собой комплекс общенаучных и частных научных методов, направленных на обеспечение обоснованности и достоверности концепций в ходе статьи. Практическая ценность статьи состоит в том, что в выводах, сделанных автором в рамках исследования, сформулированы предложения по внесению изменений и дополнений в нормы уголовного права.

Ключевые слова: экологическая безопасность, нарушение требований, химические и биологические вещества, общественная опасность, уголовная ответственность, уголовное право.

A.S. KOSHKINBAYEVA,*¹

PhD, Associate Professor.

*e-mail: a.koshkinbayeva@turan-edu.kz

ORCID ID: 0000-0002-9327-9869

¹Turan University,
Almaty, Kazakhstan

VIOLATION OF ENVIRONMENTAL REQUIREMENTS WHEN HANDLING POTENTIALLY HAZARDOUS CHEMICAL OR BIOLOGICAL SUBSTANCES FROM AN ENVIRONMENTAL POINT OF VIEW

Abstract

Environmental Protection is an urgent problem, and the life and health of today's and future generations directly depends on its correct and timely solution. The purpose of this article is to draw specific conclusions by analyzing criminal offenses of violation of environmental requirements when working with environmentally potentially dangerous chemical or biological substances, for which liability is provided for by Article 325 of the Criminal Code of the Republic of Kazakhstan [1]. The importance of the problems and goals raised in the study, the conclusions and recommendations contained in it make a certain contribution to the field of combating environmental criminal offenses, which is one of the chapters of the theory of criminal law. The methodology of the study is a complex of general scientific and individual scientific methods aimed at ensuring the validity and reliability of concepts in the course of the article. Practical value of the article conclusions made by the author within the framework of the study formulate proposals for amendments and additions to the norms of criminal law.

Key words: environmental safety, violation of environmental requirements, chemical and biological substances, danger to society, criminal liability, criminal law.

FTAXP 10.71.61
ӘОЖ 347.965
JEL K39

Н.А. АЛДАБЕРГЕНОВА,*¹

з.ғ.к., қауымд. профессор.

*e-mail: n.aldabergenova@turan-edu.kz

ORCID ID: 0000-0001-7384-3664

¹«Тұран» университеті,
Алматы қ., Қазақстан

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ АДВОКАТТЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ЖЕТІЛДІРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа

Мемлекеттің барлық органдарының және әр түрлі қоғамдық ұйымдардың жұмысы заң шеңберінде жүзеге асырылады және заңдылық негіздерін орнықтыру мен құқық тәртібін нығайтуға жәрдемдеседі. Ал көптеген мемлекеттік мекемелер мен қоғамдық ұйымдар мемлекеттің құқық қорғау функциясын орындаумен ғана айналысады. Құқық қорғау қызметінің бағыттары алуан түрлі, олардың ішінде маңызды орындардың бірін иемденетін адвокатура деп айтуға болады. Адвокатура ресми түрде мемлекеттік құқық қорғау органдарының жүйесінде жоқ, дегенмен оның қызметі құқық қорғау функциясын жүзеге асырумен тікелей байланысты. Еліміздің Негізгі заңына сәйкес, мемлекеттің ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары [1]. Әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғауға құқығы бар, ал сол сот арқылы қорғану құқығын жүзеге асыруға жәрдемдесетін адвокатура институты. Осы зерттеліп отырған мәселе аясында тұжырымдалған мәселелер адвокатура қызметін жетілдіру, дамытуға өзек болып табылады. Зерттеудің әдіснамасы мақала барысындағы тұжырымдамалардың негізділігі мен сенімділігін қамтамасыз етуге бағытталған жалпы ғылыми және жеке ғылыми әдістер кешенін құрайды.

Тірек сөздер: адвокат, адвокатура, адвокаттық қызмет, құқық, бостандық, заңды мүдде, азамат, қоғам, демократия, мемлекет, жеке тұлға, заңды тұлға.

Кіріспе

Қазақстанда болып жатқан саяси және экономикалық жүйені демократизациялау, құқықтық, әлеуметтік мемлекет ретіндегі конституциялық жариялау азаматтардың құқығын қорғау мен заңды мүдделерін білдіруді жүзеге асырумен байланысты құқықтық институттар мен мекемелердің қызметінің түпкілікті түрде қайта құрылуын, олардың жаңаша әдіс-тәсілдермен жұмыс атқаруын қажет етеді. Бұл үрдісте жеке және заңды тұлғалардың құқығын және заңды мүдделерін қорғаумен тығыз байланысты азаматтық қоғамның институты – адвокатураның қызметін жетілдіру аса маңызды рөлге ие.

Адвокатура болмаса әркімнің білікті заң көмегіне құқығын толық қамтамасыз ету мүмкін емес деп айтуға болады. Адвокатура бүгінгі күні маңызды орынға ие болуы керек және қоғамда болып жатқан әлеуметтік процестерге әсер ете алуы керек.

Кәсіби қорғаныс және өкілдік институты ретінде адвокатураның мәні мен мақсаты-мұқтаж адамдарға заңгерлік көмек көрсету. Табысты адвокаттық қызметтің кепілі демократия, заңдылық, адам құқықтарын сақтау, оның жеке бостандығын, ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеу қағидаттары болып табылады.

Өз кезегінде адвокаттың құқықтық мәртебесі және адвокат қызметін кәсіби жүзеге асыру жеке тұлғаның қорғалуының белгілі бір көрсеткіші және құқықтық мемлекетке және дамыған азаматтық қоғамға ілгерілеудегі жетістіктерді көрсететін көрнекі мысал ретінде қабылдауға болады.

Материалдар мен әдістер

Зерттеудің әдістемелік негізін қоғамдық, әлеуметтік, құқықтық құбылыстарды зерттеудегі қалыптасқан ғылыми ұстанымдар мен таным категориялары құрайды. Зерттеу барысында

танудың құқықтық ғылым үшін әдетті әдістері мен амалдары кеңінен қолданылды, олар: тарихи қисындық, салыстырмалы, талдау, сауал-сұрақ және тағы басқа әдіс тәсілдер.

Әдебиетке шолу

Құқықтық, демократиялық мемлекетте білікті заң көмегін көрсететін адвокатура мәселелерінің өзектілігінің арта берері сөзсіз. Қазақстандағы адвокатура мәселелерін мынандай отандық ғалымдардың ғылыми еңбектерінен байқауға болады: С. Тыныбеков, Г.Ж. Сулейменова, Д.К. Канафин, А.К. Түгел, А.Н. Ахпанов, Л.В. Воронина, Е.О. Алауханов, Ш.М. Шарипов, Н.А. Ережепов, А.С. Нуралиева, Л.Ш. Берсугурова, Г.Б. Мейірбекова.

Негізгі ережелер

Қазақстандық адвокатура, әлемдегі басқа да осындай институттар сияқты, мемлекеттің құқықтық жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады. Мемлекет басшысының күшті және тәуелсіз адвокатура құру жөніндегі бағдарламалық тұжырымдары адвокатурадағы оң өзгерістерге тарихи мүмкіндік береді. Президент

Қасым-Жомарт Тоқаев 2021 жылғы 25 ақпанда ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің V отырысында сөйлеген сөзінде «күшті және тәуелсіз адвокатурасыз құқықтық мемлекет құру мүмкін емес» деп мәлімдеді. Тұжырымдамада адвокаттардың іс жүргізу өкілеттіктерін кеңейту, соның ішінде нақты құқықтар беру арқылы сот процесінде адвокат пен прокурордың нақты бәсекелестігі мен тең құқығын қамтамасыз ету қажеттілігіне назар аударылды. Мемлекет кепілдік берген заң көмегі бағдарламасы бойынша адвокаттарға қатысты тезірек шешуді қажет ететін маңызды мәселе-төмен жалақы. Біздің есеп бойынша осы бағдарлама бойынша адвокаттар бір іс үшін орташа есеппен 20 000 теңге алады [2, 4 б.].

Республикалық бюджет есебінен заң көмегін көрсететін адвокаттың жұмысы төмен мөлшерлемен төленеді, бұдан басқа, оның тәртібі алдын ала тергеуде тағайындау бойынша жұмыс істеген адвокатқа төленуге тиісті уақытты есепке алуды және соманы түпкілікті келісуді қылмыстық қудалау органының өзі, яғни іс жүргізу бойынша адвокаттың қарсыласы жүзеге асырады [3, 16 б.].

Адвокатура – бұл азаматтардың және олардың қауымдастығының негізгі құқықтарын қорғаумен байланысты қызметті жүзеге асыратын маңызды құқықтық институт. Адвокатураның неғұрлым мықты ұйымдастырылуы мен заңдық тұрғыдан қорғалуы көп жағдайда әрбір адамның әл-қауаттылығы мен кәсіпкерліктегі жетістіктеріне тығыз байланысты деп айтуға болады. Қазақстандағы құқықтық негизмнің бар болуына байланысты адвокатура мен адвокатқа қатысты негативті көзқарастар әлі де бар деп айтуға болады, әсіресе құқық қорғау органдары тарапынан. Адвокат көп жағдайда қылмыскерді қорғаушы немесе дұрыс емес істі қолдаушы болып қабылданады. Ал адвокатураның негізгі қызметі адамның өз құқықтарын, бостандықтарын сот арқылы қорғауға және заң көмегін алуға мемлекет кепілдік берген және Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген құқықтарын іске асыруға жәрдемдесуге, сондай-ақ дауды бейбіт жолмен реттеуге жәрдемдесуге арналған. Адвокат заңды еркіндіктен қорғайды, сондықтан адвокаттың қызметі нақты азаматтың немесе ұйымның мүдделеріне ғана емесе, жалпы алғанда мемлекеттің және қоғамның жариялық-құқықтық мүдделеріне қатысты болып табылады. Кейінгі кездері бұл жағдайды көп адамдар түсінді, қоғамда адвокатураға деген көзқарас тез болмаса да ақырындап дұрысталып келеді. Осы тұрғыда 2018 жылы «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» қабылданған заң еліміздегі адвокатураның ары қарай дамуына жаңа серпін береді.

Адвокатура өзінің атқаратын міндеттерінің сипатына, сондай-ақ адвокаттық қызметті жүзеге асыру нысандары мен құрылымдық бөлімшелеріне, кең қызметтік көмек көрсету аясында құқық қорғау органдарымен, клиенттермен ара-қатынасына, құқықтық және әдептік реттелуімен жеткілікті түрде, күрделі әлеуметтік жүйені құрайды, сондықтан да жеке заңдық тәжірибе, оның нысандары, әдістері мен ақы төлеу тәртібі көптеген дауларды туындатады. Өркениетті елдегі адвокатураның рөлі мен әсерін бағаламауға болмайды.

Заң көмегін көптеген ұйымдар мен адамдар көрсете алады (мысалы, кәсіподақ кеңестерінің заң кеңестері, кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың заң бөлімдері, заң консультанттары және т.б.). Бірақ адвокаттар көрсететін заң көмегі ерекше маңызға ие.

Біріншіден, адвокаттар кез келген құқықтық мәселе бойынша адвокатура органдарына жүгінуге және осындай көмек көрсету туралы келісім жасасуға құқылы кез келген азаматқа, мемлекеттік және өзге де органға, лауазымды адамға заң көмегінің алуан түрлерін көрсетеді.

Екіншіден, адвокаттың заң көмегіне жүгінгендердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін кең мүмкіндіктері бар; заңдарда адвокаттар заң көмегін көрсету кезінде қолданатын әдістер мен құралдар тікелей көзделген.

Үшіншіден, заң көмегін көрсету тек арнайы заң білімін ғана емес, оларды қолданудың практикалық дағдыларын да талап етеді, ал мұндай қасиеттерге тек маман ие бола алады. Заң саласында қалыптасқан қатынастардың күрделілігі көптеген нормативтік құқықтық актілерде кәсіби бағдарлауды, қажетті актіні дұрыс таба білуді, оны дұрыс түсіндіруді және оны нақты жағдайға қолдануды талап етеді. Сондықтан құқықтық көмек көрсету қызметі белгілі бір азаматтың, жеке тұлғаның мүдделеріне де, қоғамның, мемлекеттің мүдделеріне де жауап беретін адвокаттарға қажеттілік туындайды.

Төртіншіден, заңгерлік көмек көрсететін басқа ұйымдар мен органдардан айырмашылығы, соңғысы көптеген адамдардың бірі емес, адвокаттардың басты және жалғыз функциясы болып табылады. Бұл адвокаттарға өз қызметін тиімді және білікті түрде жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Бесіншіден, адвокаттардың білікті заң көмегін жүзеге асыруы мемлекеттік, жария-құқықтық маңызға ие, өйткені ол жекелеген азаматтарға, ұйымдарға және басқа да субъектілерге ғана емес, сонымен бірге мемлекеттің өзіне де, әсіресе сот ісін жүргізетін органдардың (азаматтық, қылмыстық, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша) атынан қажет [4].

Нәтижелер мен талқылау

Адвокаттың қызметін және міндеттерін тиімді орындауды қамтамасыз ету үшін мемлекет адвокатқа ешкімнің тиіспеуіне кепілдік беруі керек. Халықаралық құқық бойынша адвокатқа ешкімнің тиіспеуі – бұл адамның негізгі құқықтарының бірі-қорғау құқығын қамтамасыз ету болып табылатын халыққа заң көмегін қамтамасыз ету мақсатында адвокаттың құқық қорғау қызметінің ұйымдастырушылық және құқықтық кепілдіктері түріндегі іс-шаралар кешені.

Тарихи тәжірибе көрсеткендей, әртүрлі елдегі, әртүрлі дәуірдегі адвокаттар мықты, әсерлі күшке ие болған. Бұл қатарда Ежелгі Римде Цицерон және Гай Юлий Цезарь, Ұлы Француз революция кезеңінде Ж. Дантон, М. Робеспьер, Америка Құрама Штаттарында А. Линкольн және Т. Джефферсон, Англияда Ю. Дизраэлли және Д. Ллойд-Джордж, Индияда М. Ганди және басқа да өзінің қызметін адвокат ретінде бастаған көптеген көрнекті саяси белсенділерді атауға болады, әрине бұл қызмет олардың ары қарайғы жеке басының, отанының, халқының тағдырына тікелей әсер етті деп айтуға болады. [5, 16 б.]

Әрбір өркениетті елдің өзінің заманына сай белгілі, білімді, білікті адвокаттары бар. Осыған қарамастан, адвокатураның проблемаларымен айналысатын заңгерлер арасында адвокатураның міндеті мен қызметіне қатысты елеулі түрде сәйкес келмейтін пікірлер бар. Заң ғылымы әзірге бұған қатысты нақты ұсынымдар бере алмайды, дегенмен бір мәселе анық: адвокатура тұтастай алғанда және адвокат заңды қатаң түрде қорғауға және қандай мақсатпен болса да, оған кімнің тарапынан болса да, мейлі биліктің, мейлі жеке азаматтың қол сұғушылығынан қорғауға міндетті.

Қазіргі кездегі ғылымда адвокатура және адвокаттық қызмет аясындағы проблемаларды зерттеумен айналысып жүрген ғалымдардың көпшілігі, адвокаттық қызмет – жеке және заңды тұлғаларға құқықтық кеңес беру, азаматтық, қылмыстық, әкімшілік сот өндірісінде қорғауды ұйымдастыру мен заңды мүдделерді білдіру арқылы кәсіби негізде көрсетілетін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарымен көзделген өзге де заң көмегін көрсету деген пікірмен келіседі.

Адвокат қылмыстық, азаматтық немесе төрелік істерде қызмет көрсете алады. Бірақ бұл бағыттардың әрқайсысында өз ерекшеліктері бар. Адвокаттың қызмет көрсету аясы өте кең,

мысалы адвокат қылмыстық процесте қорғаушы ретінде қатысады. Адвокаттың өзі мойнына алған қорғалуға құқығы бар куәны, күдіктіні немесе айыпталушыны, сотталушыны, сотталған адамды, ақталған адамды қорғаудан бас тартуға құқығы жоқ. Сондай-ақ қолданыстағы қылмыстық процестік заңнамада қорғаушының процеске міндетті қатысуы, оның өкілеттіктері, қорғаушыдан бас тарту, қорғаушыны шақыру, алмастыру, оның еңбегіне ақы төлеу мәселелері қамтылған [6].

Адвокаттық қызмет кәсіпкерлік қызмет болып табылмайды.

Мына тұлғалармен клиенттерге көрсетілген заңдық көмек адвокаттық қызмет болып табылмайды:

- ♦ ұйымдардың, мекемелердің құқықтық бөлім қызметкерлері, сондай-ақ мемлекеттік билік және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметкерлері;
- ♦ заң қызметін көрсетумен айналысатын арнайы тіркеуден өткен ұйымдардың, серіктестіктердің иелері мен қызметкерлері, сондай-ақ жеке кәсіпкерлер;
- ♦ адвокаттық қызметпен байланысты емес, қызметін жүзеге асыру үшін заңмен арнайы уәкілдік берілген нотариустар, патент алған немесе жеке сенім білдірілгендер және басқа да тұлғалар [7].

Бұл айтылғандар бойынша мынандай қорытындыға келуге болады адвокат – бұл заңмен белгіленген тәртіпте адвокаттық мәртебені және адвокаттық қызметпен айналысуға құқықты иеленген адам.

Адвокат мемлекеттік қызметте бола алмайды немесе басқа да ақы төленетін жергілікті өзін-өзі басқару органдарында қызмет атқара алмайды. Бұл жөнінде ғалымдардың да, тәжірибемен айналысатын қызметкерлердің де пікірі бір жерден шығады.

Адвокаттардың коммерциялық немесе кәсіпкерлікпен айналысуы туралы даулы пікірлер бар. Бұл мәселе туралы пікірлер әртүрлі. Біздің пікірімізше, адвокаттың кәсіпкерлік қызметпен айналысуы оның кәсіби қызметіне кедергі келтірмейді, адвокаттың кәсібилігі оның ішкі бақылауында, сана-сезімінде болуы қажет және оның шектері адвокаттың этикасымен айқындалуы тиіс.

Адвокаттың құқықтық мәртебесі бізді заманауи «адвокатура» түсінігін тұжырымдауымызға апарды және адвокатура – адвокаттың мәртебесін алған және адвокаттық қызметпен айналысатын адамдардың қоғамдастығы деп айтуға болады.

Мемлекеттік биліктің және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының құрылымына кірместен, азаматтық қоғамның құралы бола алады және болуы керек, оның көмегімен қоғам мемлекет мүдделері мен жеке азаматтардың мүдделері арасындағы теңгерімді сақтайды. Адамның, оның құқықтары мен бостандықтарының ең жоғары құндылық болып табылатындығына байланысты, белгілі бір құқықтық механизмдер арқылы шешілетін адвокатураның ең басты міндеті осы болса керек.

Осылайша, Қазақстанның негізі және орталық құқықтық жүйесі адам, оның құқығы мен бостандығын қорғау және адвокатураның міндеті оны барынша жүзеге асыруға жәрдемдесу болуы тиіс.

Халықтың құқықтық мәдениетін көтеруге бағытталған күш-жігерге қарамастан, заң көмегіне деген қажеттілік өз маңыздылығын жоғалтпайды.

Қоғамдық қатынастардың неғұрлым кең спектрінің нормативтік тұрғыда реттелуі, халықтың құқықтық қатынастарға түсуімен көрінеді (мысалы, жұмыс, оқу мәселелері, медициналық қызмет алуға және қоғамдық бірлестіктердің қызметіне, сайлауға қатысуға байланысты құқықтық қатынастарға халықтың тартылуы). Сондықтан, кез келген адамда білікті заң көмегіне деген ықтимал немесе нақты қажеттілік туындауы мүмкін.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 12 бабында адам құқықтары мен бостандықтарына берілген мемлекеттік кепілдік, әркімнің білікті заң көмегін алу құқығын да қамтамасыз етеді [1].

Әркімнің өзінің құқықтары мен бостандықтарын, қажетті қорғанысты қоса алғанда, заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғауға конституциялық құқығы, осы заңға қайшы келмейтін тәсілдерді білуді ғана емес, сондай-ақ адамның құқығы мен бостандығын қорғаудың механизмдерін де білуді талап етеді.

Заңгерлердің білікті көмегі шағым немесе арызды қарауға уәкілетті органды анықтауда, азаматқа әртүрлі құқықтық сипаттағы құжаттарды дайындауға көмектесуде, сотта өкіл ретінде мүддесін білдіруде, мысалы азаматтық сот ісін жүргізуде талапкер, жауапкер, үшінші тұлға т.с.с. көрінуі мүмкін.

Азаматтар мен ұйымдарға білікті заң көмегін көрсету адвокатураның басым бағыты және міндеті болып табылады. Ол мемлекеттен бөлінген, яғни мемлекеттік органдар жүйесіне енбейді (адвокаттар алқасын құру үшін қандай да бір мемлекеттік органның рұқсаты талап етілмейді), сол арқылы оның тәуелсіздігі қамтамасыз етіледі: адвокат өзінің қорғауындағы адамның мүддесін қолдап, мемлекеттік немесе мемлекеттік емес органдардың, қоғамдық құрылымдардың және олардың лауазымды адамдарының мүдделері мен ұмтылыстарына қарсы тұра алады; адвокаттан өзінің кәсіби қызметін жүзеге асыру барысында өзіне мәлім болған жағдайлар туралы куә ретінде жауап алуға болмайды т.с.с.

Адвокат әлі күнге дейін инквизициялық қылмыстық сот ісін жүргізуде демократиялық декорация ретінде қала береді. Қорғаушылардың өтініштері көбінесе еленбейді немесе ресми түрде бас тартылады, айыпталушылар мен олардың адвокаттардың бұзылған құқықтарына прокуратура органдары да, соттар да көздерін жұма қарайды. Адвокаттардың өздері кейде өздерінің процестік қарсыластарының қудалауына ұшырайды. Адвокатураның тәуелсіздік кепілдіктері бұзылады. Адвокаттар кеңселерінде тінту жүргізудің, адвокаттық құпияға қатысты мәліметтерді қамтитын құжаттарды алып қою әрекеттерінің айқын фактілері белгілі. Адвокаттар өз жұмыстарының құпиялылығын ғана емес, сонымен қатар кәсіби қорғаушылардың жеке өміріне қол сұғылмаушылықты бұзатын арнайы жедел-ізвестіру іс-шараларын жүзеге асыруға шағымданады. Адвокаттың құқықтық және әлеуметтік мәртебесіне тиісті құрмет жоқ [8].

Қазақстан Республикасының Конституциясының 13 бабында әркімнің білікті заң көмегін алуға құқығы бекітілген [1], бүгінгі күні бұл құқықты нақты жүзеге асыратын адвокатура институты болып табылады. Бұл адвокаттық қызметке үміткерлерге қойылатын нақты түрде заңмен бекітілген талаптар арқылы жүзеге асырылады: жоғары заң білімі бар, аттестаттаудан және тағылымдамадан өткен, адвокаттық қызметпен айналысуға лицензия алған, адвокаттар алқасының мүшесі болып табылатын және Заңмен регламенттелетін адвокаттық қызмет шеңберінде кәсіптік негізде заң көмегін көрсететін Қазақстан Республикасының азаматы адвокат болып табылады [7].

Адвокатураның әлеуметтік рөлі де аса маңызды. Құқықтық мемлекет құру жолындағы талпыныс бағытында адвокатура және оның өкілдері азаматтарда азаматтық қоғамдағы және мемлекеттегі құқық және оның рөлі туралы дұрыс пікір қалыптасыруы керек; адвокатура азаматтық қоғамның құралы деп бекер айтылмайды, сондай-ақ адвокатура мемлекеттік және жергілікті басқару органдарының жүйесіне енбейді.

Адвокатура туралы бұл пікір бүгін пайда болған жоқ, ол жылдар бойы солай қалыптасқан. Өз кезеңінде адвокатураның белгілі теоретигі Е.В. Васильковский «жеке тұлғалардың жалдамалы адамдарының емес, қоғамның уәкілетті өкілдерінің адвокаттарды тануы, адвокатураның өмір сүруіне құқық береді, және осы тұрғыдан ғана оның қажеттілігі дәлелденуі мүмкін» деп атап өткен болатын [9].

Кез-келген адвокатураның құқықтық табиғаты оның ресми мәртебесінен көрінеді: бұл тәуелсіз, мемлекеттік емес, коммерциялық емес, мұқтаж жандарға заңгерлік көмек көрсету үшін құрылған білікті заңгерлердің ерікті ұйымы. Адвокатура ешқашан халық үшін жабық корпорация болған емес. Ол адамдарға арналған және тек олардың мүддесі үшін әрекет етеді [10, 36–37 бб.].

Қорытынды

Білікті көмек әсіресе қамауға алынған адамға қажет, өйткені оқшауланған жағдайда тек кәсіби қорғаушы ғана, яғни адвокат, адвокатураның негізгі міндетін – заңдылықтың сақталуына көмектесе алады, егер ол бұзылған болса, өйткені адвокатураның алдында тұрған міндеттерін жүзеге асыру тек заңдылық қағидаты орын алған жағдайда ғана мүмкін.

«Адвокаттық қызмет және заң көмегі» туралы Қазақстан Республикасы заңының 35-бабының 2-тармағына сәйкес адвокатты ол заң көмегін көрсетіп отырған тұлғамен теңдестіруге

тыйым салынады. Бірақ өкінішке орай, кейбір мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар тарапынан осы заңның нормасына аса назар аударылмай жатады. Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы, әлеуметтік желілер арқылы тарайтын кейбір ақпараттарға назар аударсақ, бүгінгі күні кейбір адвокаттардың өзі де білікті заң көмегіне, қорғауға мұқтаж екендігін байқаймыз. Бүгінгі күні, өкінішке орай, көп жағдайда кәсіби қызметіне байланысты заңсыз қудалауға ұшырап, айыпталып, жазаланып «басына іс түсіп» отырған адвокаттардың қатары біршама. Егер құқықтық, демократиялық мемлекетте адам мен азаматтың құқығын қорғау функциясын жүзеге асыратын, білікті заң көмегін көрсететін адвокаттардың басына мұндай жағдай туып отырса, басқа адамдардың жағдайы туралы ойлаудың өзі қорқынышты.

Адвокаттардың қызметі және адвокатура институтының мақсаты – Қазақстан Республикасындағы адамның өз құқықтарын, бостандықтарын сот арқылы қорғауға, заң көмегін алуға мемлекет кепілдік берген және Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген құқықтарын іске асыруға жәрдемдесуге арналған. Осы қызметін тиісті деңгейде жүзеге асыру үшін адвокатураның, адвокаттың тәуелсіздігін, адвокаттық қызметтің кепілдіктерін мемлекет тарапынан қаматамыз ету керек деген пікірдеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылы 30 тамызда қабылданған (жаңартылған) / Қазақстан Республикасы Парламентінің жаршысы, 1996 жылғы № 4, 217-құжат (Қазақстан Республикасы Парламентінің басылымы).
- 2 А. Бикебаев. Необходимые преобразования в статусе адвокатов и гарантиях адвокатской деятельности // Zanger. – 2022. – № 5(250). – С. 4–7.
- 3 Канафин Д. Юридическая профессия в Казахстане. – 2008. – 20 с.
- 4 Сулейменова Г.Ж., Воронина Л.В. Адвокатура, общественные и иные объединения и организации: особенности правового статуса. URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=32943331
- 5 Пирова Р.Н. Адвокатура. Учебное пособие (курс лекции). – Махачкала, 2020. – 94 с.
- 6 Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРЗ // «Егемен Қазақстан» 10.07.2014 ж., № 133(28357).
- 7 Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 5 шілдедегі № 176 Заңы / «Егемен Қазақстан» 11.07.2018 ж., № 129(29360).
- 8 Канафин Д.К. К вопросу о независимости адвокатуры и развитии гарантий адвокатской деятельности. URL: <https://online.zakon.kz/lawyer/LawyerBiblio/persons/kanafin-daniyar-kajratovich>
- 9 Васильковский Е.В. Будущее русской адвокатуры. – СПб. – 1893. – С. 131.
- 10 Адвокатура в России. Учебник для вузов под общей редакцией доктора юридических наук, профессора В.И. Сергеева. 5-е издание, переработанное и дополненное. – М., 2019. – 547 с.

REFERENCES

- 1 Qazaqstan Respublikasynyñ Konstitusiasy 1995 jyly 30 tamyzda qabyldanğan (jañartylğan) / Qazaqstan Respublikasy Parlamentiniñ jarşysy, 1996 jylğy No. 4, 217-qūjat (Qazaqstan Respublikasy Parlamentiniñ basylmy). (In Kazakh).
- 2 Bikebaev A. (2022) Neobhodimye preobrazovaniya v statute advokatorov i garantijah advokatskoj dejatel'nosti // Zanger. No. 5(250). P. 4–7. (In Russian).
- 3 Kanafin D. (2008) Juridicheskaja professija v Kazahstane. 20 p. (In Russian).
- 4 Sulejmenova G.Zh., Voronina L.V. Advokatura, obshhestvennye i inye ob#edineniya i organizacii: osobennosti pravovogo statusa. URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=32943331 (In Russian).
- 5 Pirova R.N. (2020) Advokatura. Uchebnoe posobie (kurs lekci). Mahachkala. 94 p. (In Russian).
- 6 Qazaqstan Respublikasynyñ Qylmystyq-prosestik kodeksi 2014 jylğy 4 şildedegı No. 231-V QRZ // «Egemen Qazaqstan» 10.07.2014 j., No. 133(28357). (In Kazakh).
- 7 Advokattyq qyzmet jäne zañ kömegi turaly Qazaqstan Respublikasynyñ 2018 jylğy 5 şildedegı № 176 Zañy / «Egemen Qazaqstan» 11.07.2018 j., No. 129(29360). (In Kazakh).
- 8 Kanafin D.K. K voprosu o nezavisimosti advokatury i razvitii garantij advokatskoj dejatel'nosti. URL: <https://online.zakon.kz/lawyer/LawyerBiblio/persons/kanafin-daniyar-kajratovich> (In Russian).
- 9 Vas'kovskij E.V. (1893) Budushhee russkoj advokatury. SPb. P. 131. (In Russian).
- 10 Advokatura v Rossii. Uchebnik dlja vuzov pod obshhej redakciej doktora juridicheskikh nauk, professora V.I. Sergeeva. 5-e izdanie, pererabotannoe i dopolnennoe. M., 2019. 547 p. (In Russian).

Н.А. АЛДАБЕРГЕНОВА.*¹

к.ю.н., ассоциированный профессор.

*e-mail: n.aldabergenova@turana-edu.kz

ORCID ID: 0000-0001-7384-3664

¹Университет «Туран»,

г. Алматы, Казахстан

ПРОБЛЕМЫ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ АДВОКАТСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Аннотация

Деятельность всех органов государства и различных общественных организаций осуществляется в рамках закона и содействует установлению основ законности и укреплению правопорядка. А многие государственные и общественные организации занимаются только выполнением правоохранительной функции государства. Направления правоохранительной деятельности разнообразны, среди них можно назвать адвокатуру, занимающую одно из важнейших мест. Адвокатура официально отсутствует в системе государственных правоохранительных органов, хотя ее деятельность напрямую связана с осуществлением правоохранительной функции. Согласно Основному закону страны высшими ценностями являются человек, его жизнь, права и свободы. Каждый имеет право на судебную защиту своих прав и свобод, а институт адвокатуры способствует осуществлению права на судебную защиту. Вопросы, сформулированные в рамках данного исследуемого вопроса, могут послужить стержнем совершенствования, развития адвокатской деятельности. Методология исследования представляет собой комплекс общенаучных и частных научных методов, направленных на обеспечение обоснованности и достоверности концепций в ходе статьи.

Ключевые слова: адвокат, адвокатура, адвокатская деятельность, право, свобода, законный интерес.

N.A. ALDABERGENOVA,*¹

c.l.s., Associate Professor.

*e-mail: n.aldabergenova@turana-edu.kz

ORCID ID: 0000-0001-7384-3664

¹Turan University,

Almaty, Kazakhstan

PROBLEMS OF IMPROVING ADVOCACY IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Abstract

The work of all State bodies and various public organizations is carried out within the framework of the law and contributes to the establishment of the foundations of legality and the strengthening of the rule of law. And many state institutions and public organizations are engaged only in the implementation of the law enforcement function of the state. The areas of law enforcement activity are diverse, among them one can name the bar, which occupies one of the most important places. The legal profession is officially absent from the system of state law enforcement agencies, although its activities are directly related to the implementation of law enforcement functions. According to the Basic Law of the country, the highest values are a person, his life, rights and freedoms. Everyone has the right to judicial protection of their rights and freedoms, and the institute of advocacy promotes the exercise of the right to judicial protection. The questions formulated within the framework of this research question are the core of the improvement and development of advocacy. The research methodology is a complex of general scientific and private scientific methods aimed at ensuring the validity and reliability of concepts in the course of the article.

Key words: lawyer, advocacy, advocacy, law, freedom, legitimate interest.

4 ГРАЖДАНСКОЕ ПРАВО, ТРУДОВОЕ ПРАВО, ГРАЖДАНСКИЙ ПРОЦЕСС И АРБИТРАЖ

УДК 347.79
МРНТИ 10.59.01
JEL K32

С.Ж. СУЛЕЙМЕНОВА,*¹

д.ю.н., профессор.

*e-mail: s.suleimenova@turana-edu.kz

ORCID ID: 0000-0002-6754-9555

¹Университет «Туран»,

г. Алматы, Казахстан

СУЩНОСТЬ И ОСОБЕННОСТИ ПРОЦЕССУАЛЬНЫХ ФОРМ РЕАЛИЗАЦИИ НОРМ ВОДНОГО ПРАВА

Аннотация

В данной статье раскрывается степень реализации норм материального водного права, проблема соотношения материального и процессуального в праве, определяется содержание прав и обязанностей, процедура исполнения материальных норм. Рассматривается юридический процесс как категория, характеризующая содержание юридической деятельности, т.е. совокупность составляющих ее юридических действий, имеет место разграничение правовых явлений на материальные и процессуальные, разработка процессуальных аспектов реализации норм материального водного права должна быть осуществлена с целью выявления и устранения всех препятствий. Анализируются специфические свойства и признаки видов процесса в разных отраслях права, раскрываются общие закономерности процессуального механизма норм различных отраслей права за пределами традиционных видов процесса. Показывается, что устойчивое развитие экономики определяется наличием и состоянием водных ресурсов. Оценка условий развития производства в том или ином районе начинается прежде всего с оценки водных ресурсов, которые по своему значению приближаются к топливно-энергетическим, составляющим, как известно, основу базовых отраслей экономики.

Ключевые слова: водные отношения, водные правоотношения, водное право, юридический процесс, водные ресурсы, водный объект, водное хозяйство.

Введение

Проблема водных ресурсов содержит значительный конфликтный потенциал, создающий угрозу национальной безопасности Республики Казахстан и государств Центральной Азии, что требует выработки теоретико-методологических подходов к исследованию данной проблемы в контексте национальной и региональной безопасности. Не менее серьезным, чем становление водного права как отрасли материального права, является вопрос обеспечения водно-правовых требований посредством создания и соблюдения процедурных правил, которые коренным образом влияют на развитие водного права.

Проблема процессуальных форм реализации права – одна из центральных и комплексных проблем юриспруденции, имеющая важное значение для развития традиционно «непроцессуальных» отраслей [1, с. 454]. По этому фундаментальному вопросу в правоведении накопился значительный научный материал, который нуждается в систематизации и теоретическом обобщении. Для юридической науки и практики важны обоснованные подходы к определению таких основополагающих научных категорий, как процессуальная форма, юридическая процедура, процессуальное производство, процессуальные отношения, процессуальная стадия и проч., которые в целом определяют степень реализации норм материального водного права, хотя проблема соотношения материального и процессуального в праве весьма дискуссионна.

В литературе по общей теории права в общем виде упоминается о том, что в системе права взаимодействуют два вида нормативных предписаний: материальные и процессуальные правовые нормы. Если нормы материального права определяют содержание прав и обязанностей, то процессуальные нормы призваны регулировать порядок, процедуру исполнения материальных норм.

При анализе таких фундаментальных правовых категорий, как правовая норма, правовой институт, правоотношение, субъект и объект правоотношения, ответственность, принуждение, стимулирование, в монографической литературе не акцентируется внимание на необходимости исследования особенностей процессуальных норм, процессуальных правоотношений, хотя и придается значение проблемам применения и процесса реализации материальных норм права.

По вопросам, касающимся соотношения материального и процессуального права, должна быть создана единая и общепризнанная методологическая база построения адекватной правовой модели функционирования материальных и процессуальных нормативных установлений. Устойчивый и общепринятый понятийный аппарат – это тот фундамент, без которого невозможно осуществить содержательный анализ предмета исследования.

Как отмечается в литературе, понятийный аппарат, т.е. система понятий, достоверно отражающая правовую действительность, объективную логику ее функционирования и развития, – это основа теории. Понятийный инструмент теории позволяет выразить специфические закономерности возникновения, функционирования и развития явления [2, с. 9].

Материалы и методы

В ходе исследования проводилось непосредственное изучение материалов практики; сравнительный анализ (правовых категорий, концепций, идей); получение, сопоставление и систематизация новых научных выводов. При этом использовались методы историко-правового, логико-юридического, структурно-функционального, сравнительно-правового анализа.

Литературный обзор

Закономерно, что процессуальная форма как правовое явление наиболее широко изучена представителями именно «традиционных» видов процесса. Сам термин «процессуальная форма» был введен в научный оборот А.Ф. Клейнманом, высказавшим мысль о том, что процессуальная форма является одним из существенных элементов социалистического правосудия [3, с. 10].

Н.А. Чечина и Д.М. Чечот определяют процессуальную форму как совокупность правил, регламентирующих порядок осуществления правосудия и деятельность каждого участника процесса, отмечая при этом, что указанные правила определяют: 1) круг и порядок деятельности всех участников процесса; 2) последовательность действий и их содержание; 3) ответственность за невыполнение действий; 4) способы их правового оформления [4, с. 173–174].

Поскольку процедурными правилами деятельности суда и других участников процесса являются нормы гражданского процессуального права, из приведенного определения видно, что процессуальную форму указанные ученые отождествляют с нормами права, которые в совокупности образуют гражданское процессуальное право. Следовательно, при таком подходе стирается грань между процессуальной формой и гражданским процессуальным правом [5, с. 12].

Интересно положение А.А. Мельникова, который сводит процессуальную форму к основным принципам гражданского процессуального права, определяемым следующими правилами: 1) рассмотрение дел избранными независимыми судьями; 2) рассмотрение дел в открытом судебном заседании; 3) участие в процессе всех заинтересованных лиц с объемом процессуальных прав, дающих реальную возможность защиты; 4) проверка законности и обоснованности судебных постановлений; 5) законность решений суда [6, с. 28].

С 50-х гг. XX в. традиционная трактовка процесса и процессуальной формы как элементов, присущих только юрисдикционной деятельности, стала подвергаться критике. Вопрос о необходимости более широкого толкования понятий «юридический процесс» и «процессуальная форма» был поставлен П.Е. Недбайло, изложившим свой взгляд на проблему [7].

Он впервые обосновал концепцию, согласно которой процессуальная форма присуща всякой деятельности по применению правовых норм. Для земельного права России и Казахстана, относительно молодого и имеющего динамичный развивающийся характер, эти размышления представляются весьма актуальными [8, с. 282]. Применимой эта точка зрения является и для водного права.

Анализируя специфические свойства и признаки видов процесса в разных отраслях права, мы приходим к выводу, что нет необходимости в создании новой отрасли права, а нужно раскрыть общие закономерности процессуального механизма реализации норм различных отраслей права за пределами традиционных видов процесса.

Авторы теории «общего юридического процесса» рассматривают последний как комплексное образование всех правовых форм деятельности (и юрисдикционного, и неюрисдикционного характера), представляющее собой совокупность учредительного, правотворческого, правоприменительного и контрольного процессов, состоящих из производств, стадий и процессуальных режимов. Именно на такой методологической основе В.М. Горшенев дает следующее определение юридического процесса: «Это комплексная система органически взаимосвязанных правовых форм деятельности уполномоченных органов государства, должностных лиц, а также заинтересованных в разрешении различных юридических дел иных субъектов права, которая: а) выражается в совершении операций с нормами права в связи с разрешением определенных юридических дел; б) осуществляется уполномоченными органами государства и должностными лицами в пользу заинтересованных субъектов права; в) закрепляется в соответствующих правовых актах – правовых документах; г) регулируется процедурно-процессуальными нормами; д) обеспечивается соответствующими способами юридической техники» [9, с. 8]. Таким образом, юридический процесс отождествляется с правовыми формами деятельности, однако разграничения между деятельностью и ее правовыми формами не производится, анализируются признаки юридического процесса на основании различных видов юридической деятельности. Вышеприведенное понятие юридического процесса критикуется за то, что один из аспектов юридической деятельности возводится в ранг основного, определяющего компонента и искусственно приравнивается к явлению – юридической деятельности в целом [10, с. 38–39].

Ряд авторов полагает, что юридический процесс необходимо рассматривать как категорию, характеризующую содержание юридической деятельности, т.е. совокупность составляющих ее юридических действий [11, с. 12–13].

Основные положения

